

# ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 171 (9489) || 1954 жылғы 28 август Сенбі || Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 ғыбын.

## МАЛ ҚОРАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ТЕЗ АЯҚТАЛСЫН

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін барған сайын арттыра беру үшін жемшөптің берік базасын жасаудың маңызы қандай зор болса, малға жылы, жайлы қораларды да жеткілікті мөлшерде әзірлеудің сондай зор маңызы бар. Сондықтан облысымыздағы алдыңғы қатарлы колхоздар қыста малды жылы және жайлы орындармен қамтамасыз етуге ерекше назар аударып келеді. Бұл жөнінде үкмет колхоздарды қаржымен, құрылыс материалдарымен, техникамен жабдықтауда үнемі қамқорлық көрсетуде.

Бірқатар колхоздар жаңа мал қоралары құрылысын салуға жергілікті құрылыс материалдарын барынша тиімді пайдалануды шебер ұйымдастыруда. Совет ауданындағы «Бөктерек» колхозының орталығы темір жол бойына жақын орналасқан. Сондықтан колхозшылар мал қораларының жаңа құрылыстарын салуға құрылыстық материал ретінде жақын жердегі темір жол станцияларындағы шлакты пайдалануды ұйғарды. Колхоз басқармасы жаңа қоралар салынатын жерге шлак тасу ісін ойдағыдай ұйымдастырды. Сөйтіп, бұл колхоздың құрылысшылары быйыл шлак-бетоннан стандартты бір сығыр қора, бір бұзау қора салды. Жаңа мал қораларын салуға жергілікті құрылыс материалдарын пайдаланып, мал қораларының сағын қоғамдық малдардың көбеюіне сәйкестендіруде. Октябрь ауданындағы Калинин атындағы, «Пламя» колхозларының құрылысшылары да едәуір жұмыстар істеді. Бұл колхоздарда фундаментін тастан орнатты, балшықтан күйған бірнеше стандартты мал қоралары салынды. Ал, Ворошилов атындағы колхоздың (Мамлют ауданы) мүшелері жаңа типті қоралар салуға жергілікті ағаш материалдарын тиімді пайдаланып келеді. Бұл колхоздарда жаңа қоралар салумен қатар, бұрыннан пайдаланылып жүрген қораларды тазарту, жөндеу жұмыстары да ойдағыдай ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде қоралардың көпшілігі кәзірдің өзінде мал қыстауға әзір тұр.

Дегенмен, аталған аудандардың және басқа да аудандардың көптеген колхоздарының басшылары мал қораларын әзірлеуді бетімен жіберіп отырғанын айта кетуіміз керек. Мәселен, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында (Октябрь ауданы) жоспар бойынша салынуға тиіс

тық колхоз құрылысы басқармасының бастығы Волошин жолдасқа белгілі. Бірақ, Волошин жолдас бұл істе өзінің дәрменсіздігін көрсетіп отыр. Ол аудандық колхоз құрылысы бөлімдерінің жұмысына үнемі басшылық жасап отырмайды. Олардың басшыларынан құрылыс жұмыстарын басқаруды ойдағыдай ұйымдастыруды қатаң талап етпейді.

Колхоздарда мал қораларының жаңа құрылыстарын салу жұмыстарын үлгілі жүргізуде облыстық және аудандық тұтынушылар одақтары үлкен роль атқарады. Өйткені, олар колхоздарды керекті құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіп отыруға тиіс. Ал, мұндай құрылыс материалдарымен мал қораларын жаңадан салуды кеңінен өрістете жүргізу мүмкін емес. Облыстық және аудандық тұтынушылар одақтары құрылыс материалдарын тасып жеткізу және сату жұмыстарын өте қанағаттанғысыз жүргізіп келеді. Көптеген аудандардың колхоздарына құрылыс ағаштары, тақтай, шеге, цемент, қора төбесін жабатын материалдар уақытылы тасып жеткізілмейді. Мәселен, жаңа құрылыстар салу үшін Ленин ауданының колхоздары 5240 текшеметр құрылыс ағаштары, 2300 текшеметр тақтай, 80 текшеметр фанера, 14 тонна қора төбесін жабатын материалдар, 25 тонна шеге және 18200 шифр алуға тиіс болса, жылдың алғашқы жартысында бұлардың бірде-бір түрі колхоздарға жеткізілмеген. Сол сияқты, бірқатар колхоздар мемлекеттік сатып алу орындарына сатқан сүт және ет үшін алуға тиіс құрылыс материалдарын, әсіресе, қора төбесін жабатын материалдарды осы уақытқа дейін ала алмай келеді. Осындай аса қажетті материалдардың жеткіліксіздігінен бірсыпыра колхоздар жаңадан салынған қоралардың төбелерін жаба алмай отыр.

Қоғамдық малдың қолда-қорада күтуіне онша көп уақыт қалған жоқ. Ал, мұның өзі мал қораларын жаңадан салу, бұрыннан пайдаланылып жүрген қораларды жөндеуден өткізу жұмыстарын барлық колхоздарда бірдей кеңінен өрістете жүргізуді талап етеді. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары, МТС және колхоз басшылары бұл жұмыстарды егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру, зыб жырты жұмыстарымен тығыз ұштастыра жүргізуді шебер ұйымдастыруға

## Егін жыйнау мен астық дайындаудың қарқыны еселеп арттырылсын

### Қырман басында

Таңның жаңа атқанына қарамастан қырман басындағы еңбек қызып та үлперген. Колхозшылардың бір тобы бүгін себілуге тиісті күздік бидайдың тұқымын тазартып, егіс басына жөнелтуде. Енді біреулері комбайннан жаңа түспен астықты қабылдап алып, қолма-қол тазартуда. Қырман мен комбайндар арасында астық тасып жүрген машиналардың тізбегі бір толастар емес. Бүгін қырман басындағы адамдар әдеттегіден көп те сыяқты. Ара-ларында жасы асқан қарттар да, мектеп жасындағы балалар да бар. Тіпті 82 жастағы Бекқожа қарт та келген. Оның таяққа таянып зорға жүргенін көрген № 2 дала бригадасының бригадирі Қожахмет Бибанов оны әзілдей қарсы алды.

—Е, ақсақал, үйде жатсаңыз болмады ма? Мұндағы аз жұмысты балаларыңыз-ақ реттейтін еді ғой.

Қожахметтің әзіл сөзін көңіліне ауыр алғандай, болған Бекқожа қарт оған іле жауап қайырды.

—Балам, ауылдағы барлық жұрт қырманға аттанғанда үйде қалай қалмақшы? Қолымнан ешқандай іс келмесе де мына қызу еңбекті келіп көрудің өзі біздей шалдар үшін үлкен мәртебе ғой.

Бұдан әрі оқарт адамдарға тән ұқыптылықпен егіннің шығымдылығы, қалай жыйналып жатқандығы жөнінде бригадирден сұрастырып, өзінің ақылмен айта бастады.

№ 2 бригада быйыл бітік егін өсірді. Егістіктің әр гектарынан 20 центнерден өнім алынуға. Бұл мол өнімді қалай да ысырапсыз жыйнап, бірінші парыз—мемлекетке астық тапсыруды үлгілі ұйымдастыру үшін бригада мүшелері барлық мүмкіншіліктерін жұмсауда.

Көше колхоз председатели Жолмұқанов келіп өртеп қырманда бар астықты түгел тазартып, дайындау пунктіне жөнелтуге жарамды егін қою керектігін, өйткені, Свердлов облысынан көмекке келген автотракторлардың бөсеуін осы қырманға жіберетіндігін айтып келген еді. Мұны естіген колхозшылар бүгін қырманға ерте жыйналған болатын.

Көп кешікпей күткен машиналар келіп, қырман жанына қазақтар тоқтай бастады. «Хош келдіңіздер» деп жайрандай қарсы алған Қожахметке шоферлер амандықпен қоса өздерінің ескертулерін де айтып жа-

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).

ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДЫҢ ҚАРҚЫНЫ ЕСЕЛЕП АРТТЫРЫЛСЫН: М. Ким. —Комбайнның өнімді жұмыс істеуі —комбайншыдан. М. Әкімжанов. —Қырман басында. Б. Қалиев. —Күздік себу барысы өте баяу (1-бет).

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: В. Исанов. — Партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмысты жақсартайық. Б. Жақыпов. —Партия ұйымының басшылығы нашар жерде (2-бет).

Ф. Морозов. —Мемлекеттік және кооперативтік меншікті сақтау —маңызды міндет (2-бет).

Р. Уәлиев. —Бір цехтың озат адамдары (2-бет). БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСİNДЕ: Творчестволық ынтымақ (2-бет).

МАЛ ҚЫСТАТУҒА БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕ-НЕЙІК: А. Жолдығарин. —Мал қыстауға әзірлік күшейтілсін. Ф. Куровский. —Жемшөп дайындауға қатысушылардың еңбеккүндеріне шөп беру тәртібі бұрмаланбасын (3-бет).

Т. Кәкімов. —Құрғақ цифрдың көлеңкесінде (3-бет).

К. Бәтпенев. Кітап—адамның шың досы (3-бет).

Лесотьев. —Халықаралық шолу (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

### Комбайнның өнімді жұмыс істеуі—комбайншыдан

Менің комбайншы болып Петропавл МТС-інде жұмыс істегеніме бірнеше жыл болды. Жыл сайын егін жыйнауға жоғары көрсеткішке не болып келем. 1950 және 1951 жылдары егін жыйнауға және астық бастыруда жоғары көрсеткішке жеткенім үшін партиямыз бен үкметіміз менің еңбегімді жоғары бағалап, екі рет Ленин орденімен наградтады. Өткен жылы да егін жыйнауға жақсы жұмыс істедім. Маусымда 2 «Сталинец-6» комбайнымен 1200 гектардай егін жыйнап, 14 мың центнердей астық бастырдым.

Күнделік тапсырманы артық орындау, астықты көптеп бастыру жолындағы социалистік жарыстың жарысы болған Староноль өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының үндеуіне жауап ретінде быйыл 20 жұмыс күні ішінде мен тіркеудегі 2 «Сталинец-6» комбайнымен 1300 гектар егін жыйнауға міндеттеме алдым. Міндеттемені алғасын оны сөзсіз орындау керек. Сондықтан ең алдымен егін жыйнауға барлық жағынан мұқият әзірленді. Комбайндарды жөндеуге тікелей өзім және көмекшілерім Ципер, Ким жолдасстар қатысты. Комбайн жақсы жөнделді.

Егін жыйнау басталмастан бұрын комбайн агрегатының қай уақыткерде жұмыс істейтінін колхоз басқармасынан біліп алып МТС агрономының, егіс және трактор бригадирлерінің қатысуымен маршрут жоспарын жасадық. Маршрутта агрегаттың қай уақыткердің егінін қай мезгілде жыйнайтындығы көрсетілді.

Колхоз басқармасы агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағынан қамқорлық жасады. Агрегатты қамтытын колхозшылар егін орағы басталғанға дейін бекітілді. Сабан үйіште жұмыс істеуге колхозшылар Доронина, Свинцова, Казбеков, Вичанов жолдасстар бөлінді.

Комбайндарды сүйреуге № 4 трактор бригадасынан «С—80» тракторы тағайындалды. Бұл трактордың тракторшысы А. Редер жолдас жыл сайын трактор қуатын дада жұмыстарына пайдалануда үздік табысқа не болып келе жатқан озат. Ал, комбайн бункерінен қырмандағы астық тасуға 4 тонналық бір жүк автомо-

күтімге агрегаттың барлық мүшелері қатысады. Онда әркімнің міндеті толық белінген. Олар техникалық күтім жүргізудің кезе өздерінің жұмыс орнын біледі. Біз жұмыс уақытын неғұрлым тиімді пайдаланудың жолдарын іздейміз. Агрегат техникалық күтім жүргізуге және жанар, жағар май, су күйеуіне гана тоқтатылады. Ал, комбайн бункерлерінен астық комбайн жүріп бара жатқанда қотарылады. Біз тамақтанған уақытта да агрегатты тоқтатып қоймаймыз. Бұл кезде агрегат мүшелері жұмысты кезектесіп істейді.

Комбайнның үздіксіз жұмыс істеуі үшін жұмыс уақытында да комбайндардың әрбір бөлшегінің жұмыс операциясын қатаң бақылап отыру керек. Кейбір комбайншылар шынжырлардың жұмыс істеуін бақылап отырмайды. Әдетте шынжырлар созылып кетеді де түсіп қалады немесе үзіліп кетеді. Бұл жағдайды болдырмау үшін мен ваддардың жайын тексеріп отырам. Сөйтіп, шынжырлардың ұзақ уақыт жұмыс істеуіне жетісемін.

Комбайншының негізгі міндеті астық ысырабына жол бермеу. Астықтың ысырап болуының бірнеше жолы бар. Егер қалбағайлардың жұмысына бақылау жасамасаң онда қырқылған масақтардың біразы аңызға қалып қояды. Сондықтан қалбағайлардың қырқылған масақтың пөлтөнеге тастап отыруына жетісу керек. Біздің колхоздың участктерінде егін аласа өскен. Мұндай егінді ысырапсыз жыйнау үшін біз қалбағайлардың үзін бойына резинка шегеледік. Бұл қырқылған, сабақсыз масақты және сабағы қысқа масақты жерге түсірмей пөлтөнеге тастайды.

Астықтың ысырап болуының екінші бір жолы сабанға дән кетуі. Бұл, әсіресе, жауынды күндері, немесе, дымқылдығы мол егінді орында кездеседі. Бұған жол бермеу үшін комбайншы барабанның тұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет. Осындай шараларды жүзеге асыру мақсатымен біз астық ысырабына жол бергеніміз жоқ.

Комбайндарды жұмысқа үнемі жарамды етіп ұстауымыз тек еңбек өнімділігін арттыруға ғана жағдай туғызып қоймайды, сол сияқты, жанар, жағар майды жа-

### Күздік себу барысы өте баяу

Полудень ауданының колхоздарында быйыл күздік қарабидай жақсы шықты. Көптеген колхоздарда күздіктің әр гектарынан 15-16 центнерден өнім алынды. Агротехникалық мерзімде сапалы себілген күздік қара бидайдан мол өнім алындығын жыл сайынғы тәжірибе анық көрсетіп отыр.

Солай бола тұрса да, әлі күнге аудан колхоздарында күздік етуге жете мән берілмей келеді. Ауданның көптеген колхоздары күздік қарабидай себуге әлі кіріскен жоқ. Аудан жоспар бойынша 10900 гектар күздік себуге тиіс еді, бұдан кәзір небары 800 гектар ғана себілді.

Полудень МТС-нің қамтуындағы «Красное знамя» колхозында (председатели Н. Якушев жолдас) 920 гектар жерге жегітін тұқым бола тұрса да, «үлгереміз ғой» мен күздік себуді әлі күнге дейін қолға алмаған. Ал, осы МТС-тің қамтуындағы «Парижская коммуна» және Ленин атындағы колхоздарда күздіктің жоспарлы тұқымы да жетіспейді. Оның үстіне бұл колхоздың басшылары мемлекеттен тұқымға босатылған қарызды алу ісін де ұйымдастырмай отыр.

Быйыл аудан колхоздары жыртылмаған аңызға мал азығы үшін бірнеше мың гектар күздік бидай себуге тиіс. Егістік жердің сабаны тазартылауы салдарынан бұл жұмысқа бірде-бір колхоз кіріскен жоқ.

МТС және колхоз басшылары болып отырған кемшілікті тез жөндеп, күздік қарабидай себу жоспарын агротехникалық мерзімде орындау үшін бар мүмкіншілікті пайдаланулары керек.

Б. ҚАЛИЕВ.

### Оқушылар көмегі

Октябрь ауданы, «Қызылту» колхозының колхозшылары мен осы колхозда егін орағында жүрген механизаторлар науқанды үлгілі өткізудің барлық мүмкіншіліктерін қарастыруда. Жас комбайншылар А. Алтықов, К. Әбішев жолдасстар комбайнды егін орағының алғашқы күнінен бастап өнімді пайдаланып келеді. Кәзір олардың астықпен «Сталинец-6»



уақытқа дейін қолға да алынбаған. Сол сыяқты, колхоз председатели Құрманғалин жолдас бұрыннан пайдаланылып жүрген қораларды жөндеу, қылдан тазарту жұмыстарын ұйымдастырмай отыр. Жағдай Мамлют ауданындағы «Заря коммунизма», Жданов атындағы, Маленков атындағы колхоздарда да дәл осындай. Бұл колхоздардың басшылары шаруашылық жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізуді ұйымдастыруда қабілетсіздік көрсетіп келеді.

Полудень ауданындағы Чапаев атындағы колхоз быйылғы жылы жаңадан сыйыр малы үшін екі қора, бір қой қора, бір төл үйін және бір құс қора салуды жоспарлаған. Бірақ, амал не, колхоз басшылары, әресе, колхоз председатели Шель жолдас бұл құрылыстарды жүргізуді осы уақытқа дейін ұйымдастырмай келеді.

Көптеген колхоздарда мал қораларын әзірлеудің жайы өте-өте қанағаттанғысыз болып отырғанына қарамастан аудан басшылары мал қораларын жаңадан салуды, бұрынғы қораларды жөндеуді ұйымдастыру жөнінде колхоз басшыларына қатаң талап қоя алмай отыр. Аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқомдері, сол сыяқты, аудандық колхоз құрылысы бөлімдері колхоздардағы мал қораларын әзірлеу жұмысының жайымен үнемі танысын отырмайды. Жаңа қоралар салуға жергілікті материалдарды тиімді пайдалануды ұйымдастырып отырған колхоздардың іс тәжірибелерін барлық колхоздарға кеңінен таратуға көңіл бөлінбейді. Тіпті, көптеген аудандарда аудандық Совет атқомінің колхоз құрылысы жөніндегі бөлімдерінің қызметкерлері колхоздарда салынып жатқан мал қораларының құрылысына техникалық бақылау жүргізбейді. Мұның өзі құрылыс жұмыстарының сапасына кері әсерін тигізіп келеді. Бұл сыяқты өрескел кемшіліктер облысымен тез аяқтайлық.

### С. В. Носов жолдасты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

С. В. Носов жолдастың туғанына 60 жыл толуына байланысты және оның революциялық қозғалысқа белсене қатысқаны ескеріліп, Степан Васильевич Носов жолдас **Еңбек Қызыл Ту** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль  
25 август 1954 жыл.

### ЖАСТАРҒА—ШАХТЕРЛІК МАМАНДЫҚ

ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігі шахтер кадрларын даярлайтын мектептер мен курстардың санын көбейтуде. «Москвауголь», «Карагандауголь», «Карагандашахтострой», «Сталинуголь», «Кузбассуголь» және басқа комбинаттарда біржылдық мерзімдегі 18 техникалық училище ашылмақ. Олар орта мектептерді бітірген жастар есебінен кеншілер даярлайды.

Училищелерде быйылғы жылы болашақ көмір комбайншының машинистері, көмір

лімдері және олардың мамандары колхоздарда үнемі болып, олардағы барлық құрылыс объектілерін салуға қолма-қол басшылық етіп, үнемі бақылап отырулары керек. Мал қораларын салуды оларды механикаландыруға бейімдеп жүргізу қажет.

Мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мал шаруашылығын өркендетуде және оның өнімділігін арттыруда шешуші роль атқарады. Мұны алдыңғы қатарлы колхоздардың іс тәжірибелері айқын дәлелден отыр. Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары өткен жылғы фермалардағы барлық қораларға аспалы жол салды. Мұның өзі өткен қыста еңбекті көп тілейтін жұмыстарды елауір жеңілдетті, сонымен бірге, мал азығының үнемделіп жұмсалуына қолайлы жағдай жасады. Колхозшылар фермалардағы ауыр жұмыстарды оған әрі механикаландыра беруде быйыл көп жұмыстар істеді. Мұнда көздің өзінде барлық мал қораларына автомат суарғыштар орнатылуда. Сонымен бірге, сауын сыйырлар тұратын қораларға сыйыр сауатын электрлі агрегаттар енгізілді. Міне, фермаларды механикаландыру жөніндегі бұл сыяқты үлгілі істер облысымыздың барлық колхоздарының игілігіне айналдырылуға тиіс.

Мал қораларын жаңадан салуды, бұрынғы қораларды жөндеуді неғұрлым тез аяқтау — мал қыстату маусымына ойдағыдай әзірлікпен барудағы негізгі жұмыстардың бірі. Сондықтан әрбір ауданда, әрбір колхозда және совхозда мал қоралары құрылысын салудың жоспарын толық орындауға барлық мүмкіншілікті, ішкі резервтерді және бұл жұмыстар жөніндегі озат тәжірибені неғұрлым кеңінен пайдалану қажет. Мал қораларын жаңадан салу, бұрынғы қораларды жөндеудей өткізу жұмыстарын кеңінен өрістетіп, оны тез аяқтайлық.

—Көп кешіктірмесеңіздер екен.

—Сіздер тек астықты таси біліңіздер. Ал, біз астық тауып беріп үлгереміз.— деп әзілмен жауап қайтарды Қожахмет те.

Колхозшылар мұқият тазартылған астықты автомашиналарға тиіей бастады. Олардың қажырлы еңбек етуінің нәтижесінде автомашиналардың босқа тұрып қалуы сыяқты жағдай болған жоқ. Астық тазарту және тиеу жұмыстарында, әресе, колхозшы әйелдер К. Бәкенова, Р. Еңсегенова жолдастар өрескел көзге түсіп, еңбек үлгісін көрсетті.

Бұл күні № 2 бригада дайындау пунктіне 250 центнердің орнына 300 центнер астық жөнелтіп, тапсырманы артығымен орындап шықты.

**М. ӘКІМЖАНОВ,**

Преснов ауданы, «Сталин жолы» колхозы.

Егін жыйнауы осындай толық әзірлікпен бастауымыз кәзіргі уақытта өнімді еңбек етуімізге негізгі себеп болды. Агрегат мүшелері бір апта жұмыс күні ішінде 336 гектар егін жыйнап, 3 мың центнердей астық бастырды және жанар, жағар майды 10 проценттен үнемдеді.

Кәзіргі уақытта біз күн сайын кемінде 60 гектар егін жыйнап жүрміз. Кей күндері 70 гектар егін жыйнауға жетісеміз. Біздің мұндай жоғары көрсеткішке ие болуымыздың сыры неде? Алдымен агрегат мүшелері еңбек тәртібін қатаң сақтайды. Олар өздерінің атқаратын жұмыстарына ұқыптылықпен қарап, комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамыз етеді.

Еңбектің өнімді болуына негізгі себептің бірі—машиналарға техникалық күтіннің кезінде жүргізілуі. Техникалық

жаттың біразын үнемдеуге мүмкіндік беруде. Мен жыл сайын жөндеу жұмысына бөлінген қаржының жартысына жуығын ғана жұмсаймын. Ал, маусымда үнемі жанар майдың 15-20 проценті үнемделуіне жетісіп келемін.

Агрегат мүшелері жұмыс уақытын тиімді пайдалану, машиналарға техникалық күтімді уақытылы жүргізу, астық ысырабына жол бермеу, еңбек тәртібін қатаң сақтау арқылы егін жыйнауға және астық бастыруда алған міндеттемелерін айрымен орындап шығады. Сөйтіп, егін шаруашылығын өркендету, астық өндірісін шұғыл арттыру жолындағы бүкілхалықтық күреске өздерінің келеді үлестерін қосады.

**М. КИМ,**

Петропавл МТС-нің қос орденді комбайншысы.

комбайнмен күніне 30-35 гектардан егін орып, 250-350 центнерден астық бастырып жүр.

Осындай колхоз қырманына мол түскен астықты іле тазартып, мемлекетке өткізу ісіне колхозшыларға көмектесу мақсатымен біз, мектеп оқушылары сабақ басталғанша колхоз қырманында астық тазартуда еңбек етуді өз міндетіміз деп білдік. Кәзір оқушы —комсомолецтердің барлығы да бұл жұмыста жақсы көрсеткіштерге ие болып келеді. Мысалы, комсомолецтер А. Бейсенова, Д. Бабраевалар күніне 120-150 центнерден астық тазартып, тапсырмаларын үнемі асыра орындап жүр. Оқушылардың осындай елеулі көмегі арқылы колхоз қабылдау пункттеріне күн сайын 150-200 центнерден астық жөнелтуге жетісті.

**С. МАХАМБЕТОВ.**



### Тернополь қызылша өсірушілерінің шақыруы қабыл алынды


**ЖАМБЫЛ.** (ҚазТАГ). Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан Жамбыл ауданы «Октябрь» ауылшаруашылық артелінің колхозшысы Социалистік Еңбек Ері Ысқақ Сүлейменов артель мүшелеріне Москвадан осы колхозды Тернополь облысы Буденный ауданының Киров атындағы колхозының қызылша өсірушілері жарысқа шақырғанын хабарлады.

Колхоздың қызылша өсірушілері мен механизаторлары тернопольдіктердің ұсынысын талқылады. Бұл шақыруды қабыл алу және әр гектардан кемінде 550 центнер қызылша жыйнау ұйғарылды. Колхозшылар егінді күту жұмысын тоқтатпастан жүргізе отырып, егін жыйнауға әзірленуде. Олар быйылғы жылы қызылша шаруашылығынан 2 миллион сомнан аса табыс алуды белгілеп отыр. Колхозда плантацияларға жеткізетін кірме жолдарды тазарту жұмысы аяқталды. Мастерскойларда пышақтарды, күректөрді, мерницаларды, транспорт құралдарын жөндеу жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде.

### МАУСЫМДЫҚ ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАДЫ

**АҚТӨБЕ.** (ҚазТАГ). Тамды МТС-інің комбайнмен егін жыйнау шебері Яков Шилов «20 лет Казахстана» колхозында егін орып жүр. Оның агрегаты машинаны техникалық күтуге кететін уақыттан басқа кезде бүкіл тәулік бойы дерлік жұмыс істейді. Комбайншы 10 жұмыс күні ішінде 360 гектар тары орды, маусымдық тапсырманы алдыңғы қатардағылардың бірі болып орындады.

Тамды МТС-і комбайншыларының жарысы кәзірдің өзінде ақ маусымдық тапсырмаларын орындады.



Үш айдан бері Қостанай облысының Торғай аңғары территориясында қазу жұмысын жүргізіп жатқан Қазақ ССР Ғылым Академиясы зоология институтының палеозологиялық экспедициясы Алматыға қайтып оралды. Экспедиция ертедегі жануарлардың сүйектерін тапқан. Кәзір ғалымдар экспедиция жыйнаған материалдарға зерттеу жүргізуде.

**СУРЕТТЕ:** экспедиция бастығы биология ғылымының кандидаты М. Д. Бирюков (оңжақта) және скульптор-реставратор И. М. Дергачев алып мүйіз тұмсық пристинотеридің қаңқасын зерттеу үстінде.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

### Т. С. МАЛЬЦЕВТИҢ ӘДІСІ БОЙЫНША

**АҚМОЛА.** (ҚазТАГ). ҚазПИК атындағы совхоздың 1 Май бөлімшесінде бидай қалың және биік болып өсті. Ол Шадрин жаңашылы Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша өсірілді. Бұл участок соңғы рет 1952 жылы жыртылған болатын. Әдеттегі плугтердің қайырмаары алынып тасталды. Жер мейлінше терең етіп жыртылды. 1953 жылғы көктемде сыдыра жыртыл-

ғаннан кейін осы участкаке жаздық бидай егілді. Басқа участкалардегімен салыстырғанда мұндағы егіннің шығымдылығы гектарына 5 центнер артық болды. Быйыл 443 гектар егіннің әр гектарынан 17 центнерден астық жыйналып отыр. Бұл бөлімшенің басқа участкалеріндегі астық түсімінен 6—7 центнер артық.

### Украин комбайншылары қазақстанның тың жерлерінде астық жыйнауға

**АҚТӨБЕ.** (ҚазТАГ). Мұнда Украин ССР-інен келген комбайншылар тың жерде өскен егінді жыйнауға кірісті. Украин механизаторлары мен жергілікті комбайншылар арасында егін жыйнауға мейлінше тез аяқтау және астықты көп бастыру жолындағы жарыс алғашқы күндерден бастап-ақ кең өріс алды.

Родников ауданының Сталин атындағы колхозында украин комбайншысы Николай Ворона мен Родников МТС-інің механизаторы Федор Непутев жұмыс істеп жүр. Олар жоғары көрсеткіштерге жетуде. Ворона жолдас «Сталинец-6» комбайнмен күн сайын 20-22 гектар егін жыйнайды. Непутев жолдас кәзірдің өзінде 350 гектар дәнді егін жыйнады. Украин механизаторы Жуков осы ауданның «Пролетарская революция» ауылшаруашылық артелінде егін жыйнау жұмысын сапалы жүргізуде. Ол тапсырмасын алғашқы күндерден бастап 2-3 есе асыра орындауда.

### КОМБАЙНШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕНДЕГІ ТАБЫСТАРЫ

**ТАЛДЫҚОРҒАН.** (ҚазТАГ). Бөкшетау облысының бір топ комбайншылары егін жыйнауға қатысу үшін Жетісуға келді. Олардың әрқайсысы 20 жұмыс күні ішінде өздігінен жүретін агрегатпен 400-500 гектардан масақты дақыл жыйнауға уәде берді.

Бөкшетаулық механизатор Николай Дунайцев Талдықорған ауданының «Заря коммунизма» колхозының егіс даласына жоғары еңбек өнімділігіне жетуде. Ол норманы үнемі асыра орындап, әр гектар егінінен 100 пұттан астық бастыруда. Дунайцевтың жерлестері Николай Науцкий, Павел Заболотин, Василий Радченко және басқалары да егінді мейлінше шапшаң жыйнауға.



# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмысты жақсартайық

СОКП Уставында «Партияға кіргісі белген адамдардың бәрі кандидаттық стаждан өтеді. Бұл — партияның программасымен, Уставымен, тактикасымен кандидаттың таңысуы үшін және кандидаттың жеке басының сапасын партия ұйымының байқауын қамтамасыз ету үшін қажет» деп атап көрсетілген. Партия Уставының бұл талабы партия қатарын нығайтуға, партия мүшелігіне кандидаттармен жұмысты жақсартуға, кандидаттық стаждан өту ісінде кандидаттардың жауапкершілігін көтеруге бағытталған. Кандидаттық стаж партия қатарына кірушілер үшін коммунистік тәрбиенің мектебі болып табылады.

Кандидаттардың жұмысына бақылау жасап, олардың саяси жағынан өсуіне көмектесіп отыру, кандидаттарды мемлекет және партия алдында шыншыл, адал болуға, үнемі қырағылықты арттырып отыруға тәрбиелеу — партия ұйымдарының басты міндеттерінің бірі. Партия жұмысының практикасы партия мүшелігіне кандидаттарды осындай жоғары рухта тәрбиелеу үшін оларға марксист-лениндік білім беру ісін жақсартып, оларды кемшіліктерге төзбейтін, сын мен өзара сынды кеңінен өрістететін дәрежеде, барлық партиялық және қоғамдық жұмыстарға белсене қатынасұшы етіп тәрбиелеудің маңызды орын алатындығын көрсетуде.

Біздің паровоз депосы партия комитеті партия мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеу жөнінде бірқатар жұмыстар істейді. Бастауыш партия ұйымдары партияның XIX съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, кандидаттарға саяси-тәрбие беру жұмысын едәуір жақсартта түсеті. Әсіресе, кандидаттарды партия мүшелігіне өтуге әзірлеу ісіне баса көңіл бөлінетін болды.

Өткен жылы партия мүшелігіне 19 кандидат және кандидаттыққа 4 адам алынды. Көзір паровоз депосы партия ұйымының есебінде 26 кандидат бар.

Партия мүшелігіне кандидаттардың ба-сым көпшілігі партия ұйымының жұмысына белсенді қатысады, олардың барлығына да партиялық тапсырмалар берілген. Мысалы, слесарь Модев жолдас автоетоп цехында үгітші болып істейті. Сол сияқты, жұбарла партия мүшелігіне алынған слесарь Баршевич жолдас алғашқы кезде үгітші болып істесе, көзір шаруашылық цехының қабырға газетінің редакторы болып істейді.

Кандидаттардың көпшілігі өздері істейтін өндірісте авангардтық роль атқарып келеді. Мысалы, келесі цехының кө-

телшісі, партия мүшелігіне кандидат Жантасов жолдас өзінің еменалық тапсырмасын үнемі екі-жарым есе орындайды. Ол көзірдің өзінде 1958 жылдың есебіне жұмыс істеп жүр. Мұнымен бірге, Жантасов жолдас цех жұмысшылары арасында үгіт жұмысын да жақсы жүргізеді. Ол үнемі әңгімелер өткізіп, жұмысшыларды еңбекте жаңа табыстарға жігерлендіріп отырады. Үгітші Жантасов жолдас цех жұмысшыларының арасында СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының және соңғы қаулылардың материалдарын, сонымен бірге паровоз депосының алдында тұрған міндеттерді кеңінен түсіндіреді. Көзір бұл цех паровоз депосындағы алдыңғы қатарлы цехтардың бірінен саналады.

Машинист, партия мүшелігіне кандидат Манюгин жолдасы да ойдағыдай қызмет атқарып келе жатқандығын айтуға болады. Манюгин жолдас — ауыр салмақты поездарды жүргізуде озат машинистердің бірі. Рас, Манюгин бірден бұл атаққа ие бола алмады. Тіпті, ол партия комитетінің жүктеген ауыр салмақты поезды жүргізу міндетінен бастартқан еді. Оның бұл ісі паровоз депосының партия бюросының жыйналысында қаралды. Онда жас коммунист Манюгин жолдасқа ауыр салмақты поездарды жүргізудің зор маңызы бар екенін түсіндірілді. Осыдан соң, ол өз ісін жауапкершілікпен қарайтын болды.

Партия мүшелігіне кандидаттар жұмыстың өралуан саласына қызмет атқарады. Олар қандай болса да өздеріне жүктелген партиялық тапсырмаларды аябымен орындай отырып, өздері жұмыс істеп жүрген цех және бригадалардың жаңа табыстарға жетуіне жігерлендіреді.

Бұл мысалдар цех бастауыш партия ұйымдарының партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмысты жақсартқандығына дәлел ретінде келтіріліп отыр. Бұл партия ұйымындағы кандидаттардың барлығына да партиялық тапсырмалар берілген. Партиялық тапсырмаларды кандидаттардың қалай орындағандығын партия ұйымдары үнемі бақылап отырады. Сонымен бірге, бұл партия ұйымдары кандидаттардың саяси және өндірісте өсуіне зор салып, партиялық тапсырмалар беру арқылы, олардың жеке басының қасиеттерін зерттеп біледі, олардың жігерін қателіктерін тезінен түзетіп, сөйтіп, бір сөзбен айтқанда, оларды партия мүшелігіне өтуге үнемі әзірлеп, шыдап отырады.

Партияның XIX съезінен кейінгі уақыт ішінде депо бастауыш партия ұйымдары, сол сияқты партия комитеті жа-

коммунистермен партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмыстың жайы жөнінде арнаулы мәселелер талқылап отыратын болды. Атап айтқанда, үстіміздегі жылдың басынан бері бұл мәселе цехтардың бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстарында бірнеше рет талқыланды.

Алайда, паровоз депосы партия ұйымдарында кандидаттарды тәрбиелеу жұмысында елеулі кемшіліктер барлығын жасыруға болмайды. Бірқатар цехтардың бастауыш партия ұйымдары кандидаттар арасындағы жұмысты жеткілікті жүргізбей келеді. Олар партия мүшелігіне кандидаттарға партиялық тапсырмалар беріп, оларды партиялық өмірге белсене қатыстыруға жеткілікті көңіл бөлмейді. Мұның өзі кандидаттардың белсенділігін төмендетіп, олардың өздерінің саяси-идеялық дәрежесін арттырумен шұғылдана бауына әкеліп соғып жүр. Кейбір партия ұйымдары кандидаттық мерзім ішінде өзін партия мүшелігіне өтуге даярлау жөнінде жеке кандидаттарға қатаң талап қойып отырмайды. Мысалға, паровоз цехының бастауыш партия ұйымын атауға болады. Мұнда партия мүшелігіне 17 кандидат болса, олардың көпшілігінің кандидаттық стажы өтін кеткен. Мұндай фактілер басқа цех бастауыш партия ұйымдарында да кеңінен орын алды.

Көзір паровоз депосының партия комитеті бұл кемшіліктерден тиісті сабақ ала отырып, жас коммунистер мен кандидаттар арасындағы жұмысты жақсартудың шараларын іске асыруда. Бастауыш партия ұйымдары жас коммунистердің партияның XIX съезінің қарарларын және съезі қабылдаған Уставты терең үйренуін қамтамасыз етіп, олардың партия және мемлекет алдында шыншыл, адал болуы, коммунистердің тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауы сияқты мәселелерге баса көңіл аударуда.

Партия комитеті партияның XIX съезінің қарарларын және СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулыларын басшылыққа ала отырып, жас коммунистер мен кандидаттар арасындағы жұмысты жақсартудың барлық қажетті шараларын іске асыра береді. Сөйтіп, партия мүшелігіне кандидаттарды саналы, белсенді, коммунизм ісіне берілген күрескерлер ретінде тәрбиелеп отыру жұмысын бұдан былай да жақсартта беретін боламыз.

**В. ИСАКОВ,**

Паровоз депосы партия комитетінің секретары.

## Тың жерлерді көп игергені үшін награда алды

Ленин ауданы, Образцовая МТС-нің Иван Попов басқаратын комсомол-жастар бригадасы үстіміздегі жылы айтарлықтай табыстарға жетті. Жас механизаторлар көктемде 800 гектардан астам егін екті. Содан бергі жерде тың және тыңайған жерлерді көтеруде жұмыс істеп, жоспарлы тапсырма бойынша 450 гектардың орнына 1200 гектарға жуық тың жерлерді игерді. Олар 6000 килограмға жуық жанар және жағар май үнемеді. Мұнда көзір әрбір 15 аттың күші бар трактор жұмсақ жерге айналдырғанда мың гектардан астам жер жұмыстады.

Бригадада, әсіресе, комсомолец-тракторшылар Василий Челноков, Петр Смыслов, Анатолий Янченко жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Олардың әрқайсысы 15 аттың күші бар трактормен 1100-1500 гектардан жұмсақ жер жыртып.

Тың және тыңайған жерлерді игеруші жас механизаторлардың Бүкілодақтық социалистік жарыста жетіскен табыстары үшін Иван Попов басқаратын бригада мүшелерін, БЛКЖО Орталық Комитеті кеудеге тағатын «Жаңа жерлерді игергені үшін» значогімен наградтады.

**Х. РАХМЕТОВ.**

## Жаңа Советтер

### Ұйымдастырылды

Октябрь ауданында үстіміздегі жылы жаңадан жеті астық совхозы ұйымдастырылған болатын. Октябрь аудандық Совет атқомі жақында осы совхоздарға поселкелік Совет ұйымдастыру жөнінде мәселе қарап, жеті поселкелік Совет ұйымдастырды. Ол Советтерге партия және совет орындарында қызмет істейтін тәжірибелі кадрлар іріктелініп жіберілді. Аудан орталығында осы жаңадан ұйымдастырылған Советтердің председателдері мен хатшыларына арналған үшкүндік семинар өткізілді.

Семинарда ұйымдастыру және поселкелік Советінің міндеттері туралы аудандық Совет атқару комитетінің председатели Мусин жолдас баяндама жасады. Баяндамашыдан кейін аудандық ақша бөлімінің меңгерушісі, сақтық кассаларының бастығы, тағы басқада аудандық мекемелердің бастықтары тиісті нұсқаулар берді. Семинарға 14 адам қатысты.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН.**

## ГРАМОТА БЕРІЛДІ

Булаев ауданындағы жаңадан ұйымдастырылған Маленков атындағы, Жданов атындағы және Булаев астық совхоздарының коллективтері үкімет пен партияның елімізде астық молшылығын жасау жөніндегі қарарларын ойдағыдай жүзеге асырып, келесі жылдың егіні үшін тың көтеруге жоспарын облысымызда бірінші болып, артығымен орындап шықты.

Жаңа шаруашылықтардың бұл табысқа ие болуына партияның шағыруымен келген комсомолецтер мен жастар келелі үлес



СУРЕТТЕ: Докучаев астық совхозының орталық усадьбасындағы мағазин. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Мемлекеттік және кооперативтік меншікті сақтау — маңызды міндет

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті совет саудасын онан әрі өркендету туралы алған қаулысында, таяудағы екі- үш жыл ішінде әрбір қала мен әрбір селолық ауданда халыққа жеректі барлық товарлардың сатылуын қамтамасыз етудің шараларын белгілеп берді. Бұл қаулыны жүзеге асыра отырып, облысымыздың тұтынушылар одағы елбекшілерге, оның ішінде, әсіресе, қолхоз, совхоз, МТС жұмысшыларына қызмет етуге едәуір жұмыс істеді. Бірінші жартыжылдықтың өзінде тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан аудандарда 56 дүкен, 24 асхана ашылды.

Облысымыздың сауда мекемелері мен көпшілік тамақтану орындары товар айналымының өткен жартыжылдық жоспарының 118,5 процент орындалы. Тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан аудандарға тұтыну заттары белгіленген мөлшерден бірқарым есе артық босатылып, 56 миллион сомның товары сатылды.

Алайда, облыстың көптеген сауда орындары мен мекемелерінде елеулі кемшіліктердің де орын алып отырғандығын айта кету керек. Бізде мемлекеттік және кооперативтік меншікті сақтаудың жайы әлі тиісті дәрежеде емес. Демек, кооперативтік меншікті ұрлау, талан-таражға салу фактілері жойылмай біткен жоқ. Кооперативтік меншікті орыссыз жұмсаудың, оны сақтай алмаудың салдарынан Ленин, Октябрь, Булаев, Соколов, Преснов аудандарының тұтыну мекемелері мемлекетке мыңдаған сомның зиянын келтірді.

Облыстың және аудандық тұтынушылар одағының мекеме басшылары сауда орындарын, дүкендерді тексеру жұмысына жете мән бермей отырғандығы мойындау қажет. Әсіресе, сельполдар тексеру комиссияларының жұмысы мүлдем нашар жүргізіледі. Мысалы, Торангул совхозындағы дүкен сатушысы Ахматова, дүкеннің 25 мың сом қаржысын өз пайдасына жаратқан, талан-таражға салған. Бұл жағдай Ленин аудандық тұтынушылар

өткізеді. Ал, кооператив ұйымдары тексеру жұмыстарына халықтың қалың көпшілігінің өкілдерін кең түрде қатыстырмайды. Мұндай жағдай Ленин, Октябрь, Булаев, Преснов аудандық тұтынушылар одағының мекемелерінен кездесіп жүр. Кейбір аудандық тұтынушылар мекемелерінің басшылары социалистік меншікке қол сұғушылармен аябай күресіп, қылмыстыларды тиісті тәртіпке шақырудың орнына, ымыраншылдық жасап, олардың қылмыстарын бүркемелейді. Мәселен, Булаев аудандық тұтынушылар одағының басшылары (председателі Нетяго жолдас) тексерісте байқалған 13 сатушының жеттеуінің қылмысты істерін бүркемелеп қалған. Ал, бұлар кооперативтік 35 мың сом қаржыны талан-таражға салып отыр.

Кейбір аудандарда мемлекеттік және кооператив мүлкіне қол сұққан қылмысты адамдар әлі күнге қызметте келеді. Преснов аудандық тұтынушылар одағының қойма меңгерушісі өңір мың сомды өз пайдасына жаратқан болатын. Ал, ол орнынан алынып жауапқа тартылудың орнына, күні бүгінге дейін сол қоймада қызмет істеп жүр. Мемлекет мүлкін талан-таражға салу, ұрлау, ысырап ету қылмыстарына қарсы күрес жүргізуде әсіресе, заң орындары ерекше роль атқаруға тиіс. Алайда, Ленин, Булаев, Октябрь аудандарының прокурорлары сауда орындарынан өздеріне түскен материалдарды кезінде қарамай сөз береді. Әрине, бұл сауда жұмысына едәуір нұқсан келтіреді. Сауда жұмысын жақсартуды тек қана аудандық тұтынушылар одағына тапсырып, сонымен істі бітті деп санау дұрыс емес. Бұл іске аудандық партия комитеттері, совет атқомелері үнемі көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырулары керек. Олардың жұмысындағы кемшіліктерді тез жоюға, қолма-қол нақтылы бағшылық жасап, бағыт сілтеп отырулары қажет. Сауда қызметкерлері арасында елден-тәрбие жұмыстарын жоғары дәре-

## Партия ұйымының басшылығы нашар жерде

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-магт Пленумдарының қаулыларын жолдас жолдас партия ұйымдарында

леп, олардың істе жауапкершілігін арттырмай отырады. Партия ұйымы секретары

Быйыл мал басының көбеюіне байланысты, қолхозда жаңадан бірнеше мал қол-



сай-и жұмыстың дәрежесін жақсартуды, шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуді талап етті. Алайда, Сталин атындағы колхоздың (Полудень ауданы) бастауын партия ұйымының жұмысы бұл талаптардың дәрежесіне әлі де сай емес.

Мұнда колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстары формальді түрде жүргізіледі. Үгітшілер мал фермаларында, өндіріс бригадаларында және қырман ба-сында өте сирек болады. Ал, қабырға га-зеттері мен жауынгерлік листоктар уақы-тылы шығарылмайды. Озат механизатор-лар мен колхозшылардың іс тәжірибелері кеңінен насихатталмай, көпшіліктің игі-лігіне айналдырылмайды. Партия ұйымы-ның жыйналысы уақытында өткізілмейді.

Бастауын партия ұйымының есебінде 16 коммунист бар. Мұның өзі колхозда зер жүн екенінде сөз жоқ. Бірақ, партия ұйымы коммунистерді шаруашылық жұ-мыстардың жауапты учаскторіне белгі-

ның жұмысынан қол үзген. Бригадалар-дың және мал фермаларының арасында өзара социалистік жарыс ұйымдастырыла-маған. Партия ұйымының шаруашылыққа басшылығы нашар болуы салдарынан механизаторлардың және колхозшылардың еңбек өнімділігі де төмен.

Колхозда мал басын өсіру және олардан алынған өнімдерді мемлекетке тапсыру жөніндегі жоспарлар орындалмай келеді. Сол сыяқты шөп шабу, егін ору жұмыс-тарының қарқынды да төзгісіз баяу болып отыр. Қажетті мал азығының шебары 25 проценті ғана дайындалған. Мұның негіз-гі себебі—өнімшілер еңбегінің дұрыс ұйымдастырылмауынан. Жұмыс кеш басталып, ерте аяқталады. Колхозда тиісті еңбек күн минимумын таппай отырған колхозшылар жоқ емес. Колхоз басқарма-сы колхозшылардың барлығында шаруа-шылық жұмыстарға жаппай қатыстыру-ды ойластырмай келеді.

бұл жақсы бастама қағаз бетінде қалып отыр. Тек қана бір бузуу қорасының құ-рылысы жұмысы ғана басталды.

Партия ұйымы жұмысының өз дәреже-сінде болмауы Полудень МТС аймағы жө-ніндегі партия тобының қызметкерлеріне көп уақыттан бері мәлім. Солай бола тұр-са да, аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Васипенко, нұсқаушысы Штундер жолдастар колхоз партия ұйымының жұмысында орын ал-ған кемшіліктерді жоюға бағытталған нақ-тылы шаралар белгілеп, практикалық ке-мек көрсетуі ойластырмай келеді.

Бастауын партия ұйымы колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайты-беру күресін үнемі басқарып, оған бағыт беріп отыруға, сойтіп, жоғарыда айтыл-ған кемшіліктерді дереу жоюға тиіс.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**

(Өз тілшіміз).

Тың көтеруде және құрылыс жұмыста-рында белсене қатысқаны үшін жуырда бұл совхоздардың көмегомол ұйымдары ҚЛЖО облыстық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды.

**Ж. САПАҚОВ.**

### ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ҮШІН

Микоян атындағы ет-консерв комби-натының кәсіпшілер одағы ұйымы ком-бинат жұмысшыларының денсаулығын жақсартуға үнемі көңіл бөліп отырады. Быйылғы жылы кәсіпшілер одағының жолдамасы бойынша еліміздің курортта-ры мен санаторийлерінде 59 адам тыны-ғып қайтты.

Курорттар мен санаторийлерге жолд-малар сатып алу үшін 40 мың сомнан астам қаржы бөлінген.

**А. ПАНИЧЕВ.**

нан белгілі болып келсе де, басшылар кезінде оған көңіл аудармай, немқұрайлы қарап, тексеріс жұмысын уақытылы жүр-гізбеген. Облыстық тұтынушылар одағы бойынша бірінші жартыжылдықта 79 сельпо жұмысының шебары 18-нің ғана жұмысы тексерілген. Ал, 11 аудандық тұтынушылар одағы мекемелерінен бесеуі ғана тексерістен өткен.

Мемлекеттік және кооперативтік меншік-тің талап-талама түсуінің, дұрыс сақ-талмауының негізгі себебі — еңалдымен сауда қызметкерлерінің іріктеліп алын-бауынан, бұл жұмысқа кездейсоқ адамдар-дың орналасып кетуіне жол берілуінен және сауда қызметкерлері арасында са-лесті-төбие жұмыстарының нашар бо-луынан деуіміз керек.

Жергілікті тексеру комиссиялары тек-серу жұмыстарын үстірт, формальді түрде

ның басты міндеті.

Біздің облыста совет саудасын партия мен үкімет алға қойған міндет дәрежесіне сай жүргізуге керекті мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Ендігі әңгіме, мемлекеттік және кооперативтік мүлкікті сақтай біле-тің, өз мүддесінен мемлекет, халық мүдде-сін жоғары санайтын саналы адамдардан сауда қызметкерлерін іріктен ала білуде. Оларды қызметке дұрыс пайдаланумен қатар, оларға дұрыс басшылық жасап, нақтылы көмек көрсете білуде. Ал, бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру тек сауда орындары басшыларының ғана емес, со-нымен қатар, партия, совет ұйымдары басшыларының да борышы.

**Ф. МОРОЗОВ.**

ҚКП облыстық комитетінің сауда-финанс бөлімінің нұсқаушысы.

## Бір цехтың озат адамдары

Петропавл вагон жөндеу депосының күрделі жөндеу цехында ұзыннан ұзақ үш қатар етілін рельс жолдары тартыл-ған. Олар арқылы цехқа күрделі жөндеу-терден өтетін вагондар әкелінін тұрады.

—Вагон депосы цехтарының ішінде коммунист Подкорытов жолдас басқара-тын күрделі жөндеу цехы алда келеді, — дейді партия ұйымының секретары Чеку-нов жолдас. Мұнда айлық өндіріс-тік тапсырманы 250—300 процентке дей-ін орындап келе жатқан электрмен бо-лат балқытушы Михаил Панов, Степан Рыбалов, автогонщик Сергей Членский, айлық тапсырманы ұдайы 150—200 про-центке орындап отырған балташылар Па-вел Завгородный, Александр Баранников, Павел Брянцев және басқа озаттар бар. Ал, ерекше өндірістік табысқа ие болған Юрий Золотухин басқаратын слесарьлар бригадасына бригадалық «Ауыспалы вым-пел» тапсырылған. Цехтың ең таңдаулы адамдары міне осылар екен.

Цех коллективі ұйымшылдықпен еңбек етіп, үстіміздегі жылдың 7 айының ішін-де жоспардан тыс 35 вагонды жөндеуден өткізді. Мұнымен бірге, 242 килограмм бояу және 90 килограмм олиф үнемдеп, оны 37 вагонды жөндеуге жеткізді. Сөй-тіп, күрделі жөндеу цехының жұмысшы-лары социалистік жарыста бірінші орын алып, теміржол бөлімшесінің ауыспалы Қызыл туына ие болып келеді.

Цех жұмысшылары Москва облысы-ның алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтерінің өнім сапасын жақсартпа-беруге шығарған патриоттық бастамасын ұйымшылдықпен қарсы алды. Оған жауап ретінде еңбек өнімділігін оған өрі артты-руға бағытталған жаңа міндеттемелер қа-былдады. Міндеттемелерде: вагондарды жөндеудің айлық жоспарын мерзімнен бұрын орындап отыру, еңбек өнімділігін барынша арттыра беру, өнімнің кем деген-де 65 процентін жоғары сапада беру, көп мөлшерде қымбатты материал үнемдеу, ал, үнемделген материалдың есебінен қосымша вагондар жөндеп шығару, жыл-дық өндірістік жоспарды 15-декабрьге дейін орындау көрсетілген.

Цех коллективінің бұл міндеттемелерді аброймен орындап шығатындығы сөзсіз,

Бұған олардың өткен айлардағы жұмыс көрсеткіштері мен кәзіргі қажырлы еңбегі толық айғақ.

... Міне, цехтағы рельстердің бірінде 1109—100 номерлі вагон тұр.

—Бұл вагон,—дейді цех бастығы Под-корытов жолдас —жөндеуге, цехқа өткен күні әкелінген болатын. Бүгін жұмыс ая-ғына дейін бұл вагон толық жөнделіп бо-латын.

Вагондарға жөндеу жұмысын жүргізуге біртөн алам қызу кірісуде. Татьяна Киге-лева мен Анна Лугункова вагонның сыр-тын қызыл сырмен сырлап, түрлі мән-бер жасаса, слесарь Иван Зотов пен Федор Гусев тіркеп, ағыту, тежеу және басқа механизмдердің қызметіне тікелей байла-нысы бар фракциялы апарат орнатып жатыр. Ал, электрмен болат балқытушы Михаил Панов пен Степан Рыбалов вагон дөңгелектеріне қажетті жөндеу жұмысын жүргізуде.

Сағат кешкі 5. Әлгі вагонға жөндеу жүргізу аяқталды да, қабылдаушы жөндеу сапасына жақсы деген баға берді.

Мұнан кейін Подкорытов жолдас бізге цехтағы еңбекті көп керек ететін жұмыс процесстерін механикаландыруға байла-нысты жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды.

—Быйыл, —дейді ол, —біз жұмысшы-лардың еңбегін мейлінше жеңілдетуді көздеп отырмыз. Алдымен цехта 5 тонна-лық салмақты көтере алатын көтеру-кө-пір краны орнатылатын болады. Кәзір бұл үшін қажетті күрделі жұмыстар аяқ-талып келеді. Бранды жабықтауды ал-дымыздағы айлардың ішінде толық аяқ-тал, жұмысқа қосуға тиіспіз. Сол уақыт-та біздің цехта вагондардың үздіксіз әдіс-пен жөндеуге көшіруге, осының нәтиже-сінде еңбек өнімділігін анағұрлым артты-руға үлкен мүмкіншілік жасалады.

Кәсіпорны коллективінің ісі мен табы-сы, оның озат адамдарының еңбегі, міне осындай. Цехтағы партия тобы, көмегомол және кәсіподақ ұйымдары теміржолшылар арасында ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарын тыңғылдық жүргізіп, цех коллективін бұдан да зор жетістіктерге жете беруге жігерлендіруге.

**Р. УӘЛИЕВ.**

## ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ҮНТЫМАҚ

### Бүкілжақтық ауыл-шаруашылық көрмесінде

Ғылым мен практиканың тығыз бай-ланысы —ауыл шаруашылығын өркенде-туің сарқылмас қайнар бұлағы. Көрме-ге қатысушы озат колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың жетістіктері мұны ай-қын көрсетіп отыр.

Краснодар өлкесіндегі Ленин орденді тұқымшаруашылық «Кубань» совхозында ғылым мен практиканың тығыз байланы-сы тамаша нәтижелер берді. Бұл товарды өнімді мол беретін ірі шаруашылық көр-менің бас павильонында кеңінен көрсеті-луде. Кеше, 21 августа, «Кубань» совхо-зының аға агрономы Н. С. Твердохлеб колхоз мәдениет үйінің лекциялық зал-ында совхозда дәнді дақылдардан мол өнім алу жөніндегі тәжірибені баянлап берді. Эскурияшылар қызықты және үйренерлік көп жаңалықтарды білді.


Кәзір «Кубань» совхозында 6.751 гек-тар дәнді дақылдар егілген, бұлардың ішінен 821 гектар жер өнімді аз беретін көпжылдық шөптерді жұрту есебімен бы-йылғы көктемде игерілді. Бұл 100 мың пұттан аса қосымша астық берді.

Егіншіліктің озат тәсілдерін игерудің нәтижесінде совхозда егіннің шығымды-лығы жылдан жылға арттырылып келе-ді.

Твердохлеб жолдас 1952 жылы дәнді дақылдардың орташа шығымдылығы әр гектарынан 22,9 центнер, 1953 жылы— 23,5 центнер болғанын хабарлады. Бы-йылғы жылы да егіннен мол өнім өсіріл-ді. Дәнді дақылдар әр гектарынан 25,7 центнерден, мұның өзінде бидай 28,3 центнерден өнім берді. № 2 бөлімшенің қызметкерлері нүктік бидайдан анағұрлым мол өнім өсірді. Олар 192 гектар егіннің әр гектарынан 35 центнерден күздік би-дай жыйнады.

Дәнді дақылдардан мол және тұрақты өнім алуға қамтамасыз ететін шаралар туралы айта келіп, Твердохлеб жолдас былай деді:

—Біз жұмыстары маңызды немесе маңызды кемірек жұмыстар деп бөлмейміз. Егіс жұмыстарын белгіленген мерзімнен бұлақпай жоғары дәрежеде өткізу мін-детті шарт болып табылады. Совхоздың



Бүкілжақтық ауылшаруашылық көрмесі. Старополь өлкесі Ипатов ауданындағы «2-я пятилетка» колхозының асыл тұқымды қой фермасының меңгерушісі Сталиндік сыйлықтың лауреаты Я. И. Ересько Смоленск облысының колхозшыларына ставропольдық қой тұ-қымы мен таныстырып тұр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

егістіктеріндегі арашөптер толық ота-ды. Төрт жылдан бері жүгері мен күнба-ғыс тек шаршы- ұялау әдісімен егіліп келеді.

Совхоз Краснодар мемлекеттік станция-сының селекционері П. П. Лукьянско-мен ұлайы байланыс жасап тұрады. Ол өсіріп шығарған перспективалы сорттар совхоздың егістіктерінде байқаудан өткі-зілуде. Мұнда жыл сайын басқа селек-циялық станцияларда өсіріліп шығары-

ған дәнді дақылдардың 7—8 сорты тек-серіледі.

«Кубань» совхозында тек дәнді дақыл-дардан ғана емес, онымен бірге басқа да-қылдардан да мол өнім өсіріледі. Осының нәтижесінде жемшөп базасы нығайты-лып, малдың өнімділігі артып келеді. Өт-кен жылы совхоз 1.216 мың сом пайда келтірді.

Совхозда егіншіліктің тамаша шеберле-рі өсті. Жұмыстағы жоғары көрсеткіште-рі үшін 148 адам ордендермен және ме-дальдармен наградталды. Совхоз өндірісі-нің 50-ден аса озаттары Бүкілжақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы-лар болып табылады.

Әңгіме кезінде Твердохлеб жолдас эс-курияшылардың білігісі келген сурақта-рына жауап берді.

«Манеждың» лекциялық залында Мос-ква түбіндегі «Холмогорка» совхозының директоры, Социалистік Еңбек Ері Пар-фенов жолдас осы озат шаруашылықтың сыйыр малының өнімділігін арттырудағы жетістіктері туралы әңгімеледі. Воронеж облысындағы Острожок тұқымдық мал расаднигінің директоры, ауылшаруашы-лық ғылымының кандидаты Степанов жолдас орталық қаратөпсұрақты облыстар да тез жетілетін жартылай биязы жүнді қойларды өсіріп шығарудағы тәжірибесін ортаға салды.

Эскурияшылардың алдында ауыл шаруашылығының озаттарымен қатар ға-лымдар да сөз сөйлеуде. Биология ғылы-мының докторы профессор Генкель бір топ эскурияшыларға өсімдіктердің қуаңшылыққа төзімділігін арттырудың тәсілдері туралы әңгімеледі.

Кеше, 21 августа, жас натуралистердің Москва облыстық слетіне қатысушылар көрменің директоры академик Н. В. Ци-цинмен кездесті. Жас натуралистер мек-теп жанындағы учасктортер мен колхоз-дарда өздері өсірген бидайдың, гречиха-ның, жүгерінің, чумизаның, зығардың алуан түрлерін, помидордың, қауынның, асқабақтың, қабақтың көптеген сортта-рын, тамаша гүл букеттерін ала келді. Жас натуралистер—Ногин мектебінен

Аля Белякина, Подольск ауданындағы Кутузов мектебінің оқушысы Борис Мар-кин және Загорск мектебінің оқушысы Юлия Фролова жас мичуриншілердің мек-теп жанындағы учасктортерде жүргізетін жанжақты жұмыс туралы және бұл жұ-мыстың оқуда қалай көмектесіп, жастар-ды еңбекке лағымдандыратыны туралы айтып берді.

—Жас натуралистер тәжірибесінің, — деді бұдан соң сөз сөйлеген академик Н. В. Цицин, —өте зор маңызы бар. Жер шарында өсімдіктердің екі жүз мыңға жуық түрі бар, бірақ олардың ішінен адам екі жүздей түрін ғана қолдан өсі-реді. Өсімдік шаруашылығы саласында әлі көп жаңалықтар ашылуға тиіс. Жұрт-тың бәрі гладыусты тек әлемі гүл өсім-дік деп білетін. Бірақ жуықта ғалымдар оның жапырақтарында көп «С» витами-ні, ал жуашығында сапонин деген баға-лы зат бар екенін анықтады. Өсімдіктер дүниесінің көптеген басқа өкілдері де осындай бағалы өсімдіктер болып шығуы мүмкін.

Жастардың өтінуімен Цицин жолдас масақты дақылдардың жаңа бұдан сорта-рын өсіріп шығару жолындағы жұмыстар туралы айтты. Көрменің экспонаттық учасктортерінен жыйнап алынған № 1 бидай-бидайық бұданы быйыл гектарға балағанда әр гектарынан 72 центнерден, ал колхоздары өндірістік жағдайда егілген № 1 бидай-бидайық бұданы орта есеппен 40—45 центнерден өнім берді.

Бидайдың өсіріліп шығарылған жаңа жемдік- дәнді түрлері жаз бойына бір рет шөп ретінде жыйналады, екінші ретінде дәннен мол өнім береді. Келесі жылы жемдік-дәнді бидай тек Москва түбіндегі колхоздарда ғана емес, сонымен бірге Си-бирде, Оңтүстік —Шығыста және Урал маңындағы далаларда да тәжірибе ретінде егілетін болады.

Әңгіменің қорытындысында академик Цицин жас натуралистерге бидайдың бұ-дан сорттарын өсіріп шығару тәжірибеле-рінің қалай жүргізілуде екені туралы айтты. (СОТА).







шөп машиналарының агрегаты үздіксіз жұмыс істей береді. Оның бесеуі өздігінен жүретін шөп машиналары. Бұдан басқа совхозда бірнеше көлік шөп машиналары жұмысқа қатысады.

Көптеген машинистер күнделік жұмыс тапсырмаларын артығымен орындап жүр. Мысалға, № 1 бөлімшесінің машинисі И. Беккер жолдасты алуға болады. Ол быйылғы маусымда өздігінен жүретін шөп машинасымен 1450 гектар табиғи шөп және 500 гектар екі шөп шауып, оның барлық өнімі 1 мың центнерге жетті. Беккер жолдас орта есеппен күніне 30 гектар орнына, 40-45 гектар шөп ияуып жүр. Машинистер Рейсвех, Бефус жолдастар да үздік табыстарға ие болуда.

Мұнда шөп майлауда барлығы 10 звено жұмыс істейді. Әсіресе, Ербатырұлы жолдастың звеносы ерекше көзге түсуде. Совхозда күн сайын 2500-2700 центнер шөп майланады. Кәзірдің өзінде 70 мың центнер шөп майланды.

Елбеккүнге жемшөп берудің үкмет белгілеген тәртібі әрбір колхозда дұрыс жүзеге асырылуы керек. Бірақ, кейбір колхоздардың басшылары бұл тәртіпті бұр-

## ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

Преснов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары қоғамдық мал үшін жемшөп дайындау қарқынын барған сайын күшейтуде. МТС механизаторлары колхозшыларға өздерінің қажырлы еңбектерімен нақтылы көмек көрсетуде. Көптеген кеңалымды шөп машиналарының машинистері шөп шабуға сменалық жұмыс тапсырмаларын артығымен орындап, колхоздардың жемшөп қорын күніне-күнге молайтуде. «Победа» колхозында жұмыс істейтін Преснов МТС-нің кеңалымды шөп машинасының машинисі А. Парадеев жолдас кәзірдің өзінде 1300 гектар жердің пішенін шайды. Ол күн сайын 30-40

гектар шөп шабуға жетіп жүр. Осы сияқты, тракторға тіркелетін кеңалымды шөп машинасының машинисі Долгополов жолдас та 600 гектар жердің пішенін шайды. Ол 20 гектар орнына, 25 гектарға дейін пішен шауып отырды.

Колхозда шөп шабумен бірге, шабылған шөпті майлау жұмысы да тыңғылықты ұйымдастырылған. Мұнда шабылған шөп дереу жыйналып, маяланады. Бұл жұмыстардың көпшілігі техника күшімен атқарылуда. Кәзір колхозда жемшөп дайындау жоспарының орындалуы тонна есебімен 70 проценттен асып отыр.

**Н. НАЗАРИН.**

саны артып, олар еңбекшілерге қызмет етуде.

Соңғы жылдары бүкіл еліміздегі сияқты, облысымызда да кітап саудасының жайы бірсыпыра жақсарды. Тек осы жылдың өзінде ғана колхоздар мен совхоздарға, МТС-терге 1 миллион 100 мың сомның кітаптары сатылды. Кәзір жергілікті жерлерде тұтынушылар қоғамдары мен одақтарының кітап сататын үлкендікіші 18 дүкені жұмыс істейді. Быйылғы жылдың өзінде облыстық кітап саудасы бөлімі МТС-тердегі, колхоздар мен совхоздарға тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан патриоттарға арнап Қызыл совхозы, Боголюбов, Преснов және Соколов кітап дүкендері арқылы 33600 сомның әр тақырыпқа жазылған көркем әдеби кітаптарын, балаларға арналған кітаптар сатты. Сондай-ақ, бұл бөлім облыс еңбекшілерін көптеген техникалық, ауылшаруашылық әдебиеттерімен де қамтамасыз етуде едәуір жұмыс істеп жүр. Библиоколекторлар арқылы жаңа совхоздардың 23 кітапханасына 22200 сомның кітабы берілді. Осы уақыттың ішінде аудандық және ауылдық 168 кітапханалары мен оқу үйлері 80 мың сомның кітаптарымен жабдықталды.

Дегенмен, облысымызда кітап саудасы саласындағы осындай табыстармен қатар елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Тың және тыңайған жерлерді игеруге, жаңа совхоздардың құрылуына байланысты кітапханалардың, оқу үйлерінің, қызыл мүйістердің, мектептердің саны бұрынғыдан анағұрлым артты. Бұл жағдайдың сауда орындарынан кітап саудасын бұрынғыдан әлде қайта жақсартуды талап ететіндігі сөзсіз. Бірақ, әсіресе жаңа совхоздарды кітаптармен қамтамасыз ету жұмысын өзге қанағаттанарлық деп айта алмаймыз.

Тәрбиелік мәні зор саяси, көркем әдебиеттер мен балаларға арналған кітаптардың, техникалық, ауылшаруашылық әдебиеттерінің көпшілігі әлі күнге дейін облыстық, аудандық тұтынушылар одағының қоймаларында, кітап дүкендерінде

болса, аудан орталығынан алыс жатқан «Бостандық», «Талапкер», Аманкелді атындағы колхоздарда 3-4 айда бір рет

## ЖЕКСЕНБІЛІК

Өткен жексенбіде аудан мекемелерінің қызметкерлері ауыл шаруашылық жұмыстарына көмектесу үшін Киров атындағы колхозға барды. Бұл жексенбілікке 22 адам қатысты. Олар бір күнде 450 деңгелерден астам шөп майлап, қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасауға колхозшыларға көмектесті.

Жексенбілікте, әсіресе, еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқомінің бухгалтері Нестеренко, аудандық мәдениет үйінің меңгерушісі Просвиркина, мал дәрігері Борсученко жолдастар қажырлылықпен еңбек етті.

**Ш. АЙТМАҒАНБЕТОВ.**

Совет ауданы.

жозғалысыз жатыр. Бұған бір мысал келтірейік. Текқана облыстық кітап саудасы бөлімінің қоймасында Абайдың, Жамбылдың шығармалары, М. Әуезовтың «Абай», «Абай жолы» романдары, С. Мұқановтың «Сыр Дариясы» сыяқты кітаптар, Ғ. Мүсерімовтың, Ә. Сәрсенбаевтың және басқа да жазушылардың шығармалары жергілікті жерлерге жеткізілмей, топ-топ болып үйілген қалыңда тұр.

Бұл жағдайды облыстық тұтынушылар одағы (председателі Писеуков жолдас) мен облыстық кітап саудасы бөлімінің (бастығы Карменов жолдас) қызметкерлері жақсы біледі. Не пайда, бұл мекемелердің қызметкерлері істе кездескен кемшіліктерді жоюға жөнді бастылық жасай алмай келеді. Аталған мекемелердің бастыларының жергілікті жердегі сауда орындарына бастылығы нұсқау қағаз жіберуден аса алмай жүр. Тіпті ол нұсқаулардың орындалуы да кезінде тексеріліп отырылмайды.

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы ғана күн қалды. Быйыл мектептердің де, оқушылардың да саны жылдан жылға көбейді. Сондықтан оларды оқулықтармен қамтамасыз ету—сауда, оқу орындарының маңызды міндеті. Алайда, Октябрь, Булаев аудандарының сауда, оқу орындары бұл жөнінде мардымды жұмыс істей алмай отыр. Бұл аудандарда көп мектептер, әсіресе, I—IV кластарға қажетті оқулықтармен қамтамасыз етілген жоқ.

Мәдени-ағарту мекемелерін, мектептерді, бүкіл еңбекшілерді кітаппен қамтамасыз ету мәселесіне жергілікті партия, совет ұйымдары үздіксіз бастылық жасап отыруға тиіс. Олар кітапханалардың, оқу үйлерінің, қызыл мүйістердің жұмыстарын бақылап отыруымен қатар, кітап сататын дүкендердің де жұмысын бақылап, біліп отыруға міндетті. Еңбекшілердің кітапқа деген рухани, өскелең тілегі сауда қызметкерлерінен, оқу орындары, мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінен осыны талап етеді.

**Қ. БӨТПЕНОВ.**

мәдени-ағарту жұмыстарынан шығарып жүргізіп отырған бірде-бір адамды жездестіру өте қиын.

**Т. ҚӘКІМОВ.**  
(Арнаулы тілшіміз).

## Тың жерлерді игерушілерге дәрігерлік көмек

Бүкілхалықтық міндет болып табылатын тың және тыңайған жерді игеріп жатқан еңбекшілерге дәрігерлік көмек көрсетуде Петропавл қаласындағы облыстық аптека басқармасы едәуір жұмыстар істеді. Басқарма коллективі, әсіресе, Октябрь ауданындағы жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда дәрігерлік жұмысты ұйымдастыруда ойлағандай еңбек етіп келеді. Кәзірдің өзінде совхоздардың көпшілігінде ауруханалар салынып, аптекалар ұйымдастырылды.

Облыстық аптека басқармасының инициативасымен ұйымдастырылған Хрущев атындағы совхоздағы аптека өзінің үлгілі жұмысымен тың жер игерушілердің құрметіне бөленген. Бұл аптеканы украиндық патриот Козлов жолдас басқарады. Аптека екі бөлмелі үйге орналастырылған. Мұнда 80 мың сомның түрлі дәрі-дәрмектері бар.

Марьевка селосындағы жаңадан ашылған аптека да облыстағы үлгілі аптека-

лардың бірі болып табылады. Бұл аптеканың меңгерушісі Николаев қаласынан келген жас комсомолка Гальчук жолдас өзінің қажырлы еңбегімен басқаларға үлгі болуда. Аптека ауданның колхоздары мен совхоздарындағы 25 медициналық пункттерді қамтыды. Аз уақыт ішінде жаңа аптека еңбекшілер үшін 30 мың сомның дәрі-дәрмегін босатты.

Облыстық аптека басқармасы таяу арада Тимирязев МТС-і қамтытқан Новопокровка селосында жаңадан аптека ашпақ. Аптека меңгерушісіне Семейдің медицина-фармацевтика мектебін бітірген комсомолка Попов жолдас жіберілді. Бұл жаңа аптека МТС көлеміндегі 12 медициналық пунктті қамтытатын болады.

Облыстық аптека басқармасы Октябрь ауданындағы тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан еңбекшілер үшін кәзірдің өзінде 200 мың сомның дәрі-дәрмектерін жөнелтті.

**А. ҚАЗИЕВ.**

## Үлгілі көркемөнерпаздар коллективтері

Соколов ауданындағы Киров атындағы ауылшаруашылық артелінің көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшелері егіншілер мен механизаторларды мәдени қамтуда айтарлықтай табыстарға ие болып келеді. Бұл колхоздың көркемөнерпаздар коллективі оқу үйінің меңгерушісі Пonomарчук жолдастың басшылығымен дала қостары мен трактор бригадаларында жиі жиі болып, еңбекшілерге концерттер көрсетіп, демалыс кештерін ұйымдастырады. Әсіресе, хор үйірмесінің жұмысы айтарлықтай. Бұл үйірменің құрамында 16 колхозшы бар.

Сол сияқты, осы аудандағы Ленин атындағы колхоздың көркемөнерпаздар

**Н. ҚӘКІМОВ.**



СУРЕТТЕ: Жамбыл астық совхозыға тың жерді игеруге келген москвалықтар (солдан оңға қарай) сырнайшы Алек сандр Шмелев, Тамара Фулаева және Александра Богаткина жұмыстан кейін совхоздың орталық усадьбасында дем алып жүр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Кітап—адамның шын досы

Біздің елімізде кітап адамды коммунистік рухта тәрбиелеудің аса маңызды құралы. Жақсы идеялық жоғары дәрежеде жазылған кітап өзінің оқушысын ғылымды сүйеге ынталандырады, советтік патриотизмге рухтандырады, Отанымызға деген сүйіспеншілігін арттырады.

Кітап—білімнің сарқылмас мол қазынасы. Кітап арқылы оқушы өмірмен танысып, совет ғылымы саласындағы жаңалықтарды біледі. Жақсы кейіпкердің бейнесін көріп, соған әліктейді, олардан үлгі алады. Жағымсыз бейнелерге жиіркенішпен қарап, дұшпанда деген бітпес кегін өршітіп, дұшпанды құрту жолындағы күреске жігерленеді.

М. И. Калинин озат мұғалімдердің жыйналысында сөйлеген сөзінде, бізде социалистік қоғамның жаңа адамдары пайда болды, оларға адамгершілік қасиеттің ең жақсыларын еге білуіміз керек, деп жастарға жақсы тәрбие беріп, оларды советтік патриотизм рухында тәрбиелеу керек екендігін ерекше атап көрсетті. Жастарға адамгершіліктің ең жақсы ізгі қасиеттерін берудің құралы—дүние жүзінде теңдесі жоқ, жоғары идеялы совет әдебиетінің кітаптары болып саналады.

Кітап арқылы оқушыға өз Отанының ертедегі өмірін, Ұлы Октябрь революциясы жундерін, Совет Одағының бейбіт құрылыс кезіндегі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы советтік патриотизм рухында тәрбиеленген халықтың батыр ұлдары мен қыздарының жарқын бейнесін, кәзіргі коммунизм құру жолындағы қызу еңбекте ерлік жасап жүрген қарапайым совет адамдарын білуге болады. Кітап—оқушының қолындағы өмір айнасы. Ол совет ғылымының, техникасының мәдениет пен искусство саласындағы тамаша табыстарын көрсетеді. Ол оқушыларды бейбітшілікке, ақ ниеттілікке, социалистік саналылыққа тәрбиелейді.

Социалистік реализм әдісінің ірге тасын қалаушы, ұлы жазушы Максим Горький кітап туралы айтқан қағидаларының



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

## ЕВРОПАДАҒЫ КОЛЛЕКТИВТІК ХАУІПСІЗДІК ҮШІН БЕ НЕМЕСЕ АГРЕССИЯШЫЛ ГЕРМАН МИЛИТАРИЗМІН ҚАЙТА ТУДЫРУ ҮШІН БЕ?

Қоғамдық құрылыстың айырмашылығына қарамастан, барлық европалық мемлекеттердің ынтымақтасуы жағдайында Европада коллективтік хауіпсіздіктің есінді системасын құру идеясын жақтаушылар күннен-күнге көбейе түсуде. Соңғы уақыттағы оқылғалардың бұған тигізген әсері аз болған жоқ.

Мұндай оқылғалардың ең маңыздысы Женева кеңесі мен оның табысқа жетуі болды. Женеваның үлгісі Европаның және европалық хауіпсіздіктің шиеленіскен дауды мәселелерін мүдделі жақтардың келіссөздер жүргізу жолымен шешуге болатындығын көрсетті.

Осындай жағдайларда Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы және коллективтік хауіпсіздік проблемасын талқылау үшін, ерл еыяқты герман мәселесі жөнінде онан әрі пікірлер алысу үшін барлық европалық мемлекеттердің кеңесін шақыру туралы мәселені Франция, Англия, АҚШ және ССРО үкметтерінің алдын ала бірлесіп талқылауы туралы жаңа совет ұсынысы нағыз дер кезінде жасалды.

Совет ұсыныстарын барлық халықтық демократия елдері, Герман Демократиялық Республикасы, Францияның, Батыс Германияның, Англияның, Италияның халық бұқарасы қуаттауда. Бұл ұсыныстар европалық елдердің алдына өте маңызды сұрақ қойды: герман милитаризмін қандай болсын бір әдіспен қалпына келтіру керек пе; АҚШ билеуші топтары тықпалап отырған «европалық армияны» құрудың жобасы осыған әкеліп соғады. Әлде, оның керісінше, Европаның дәл ортасында соғыс ошағының қайта тудырылуына жол бермей, барлық европалық мемлекеттердің қатысуымен коллективтік хауіпсіздіктің біртұтас системасын құру керек пе?

Батыс Европадағы буржуазиялық ықпалды партиялардың едәуір бөлегі агрессияшыл герман «вермахтың» қалпына келтірудің американдық жоспарларынан тынышсызданып отыр. Мұны Францияда Эррио, Даладь, генерал Кениг, социалистер Нежлен және Мок сияқты, Англияның лейбористік партиясында Бивен мен оны жақтаушылар сияқты, герман социал-демократиясының басшылары сияқты қайраткерлердің батыл пікір айтуы дәлелдейді. Жуырда Италияның «Аванти» газеті былай деп хабарлады: «Лондонның саяси және дипломатиялық қалың топтарында әртүрлі жағдайлар Женева кеңесінің нәтижелері европалық проблемалар, атап айтқанда, Европадағы коллективтік хауіпсіздік келісімдерінің проблемалары жөнінде қолайлы шешімдерге келудің жолын іздеу үшін қолайлы алғышарттар жасаты деген пікірді күшейтті».

Мұндай ой-пікір американдық дипломатиясының тырысушылығына мүлдем қайшы келеді, сөйтін ол европалық елдерге

«түзетулер» мен «қосымшалар» оның алғашқы текстімен салыстырғанда «анағұрлым қолайлы» болып табылады-мыс деп даурығуда. Мұнымен бірге, француздарға Франция мен басқа европалық елдер мыналардың бірін «таңдап» алудың алдында түр-мыс деген ой ұғындырылуда: европалық «бірлестіктің» «бақылауымен» батысгерман милитаристерін қаруландыру, немесе Батыс Германияның «сөзсіз болатын» өз бетімен қарулануына көну.

Бұл «анағұрлым қолайлы» деген теория — нағыз алдаушылық. Іс жүзінде Францияның алдында мүлдем басқаша таңдау тұр: қаруланған Батыс Германиямен бірге «европалық армияға» қатысуға келісу, немесе бұрынғы гитлершілдерді қалай болса да қайта қаруландыруға үзілді-кесілді қарсы шығу.

«Анағұрлым қолайлы» теориясының жалғандығы айқын. Кәзіргі «түзетулер» мен «қосымшалар» «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы Париж договорының мәнісін өзгертілді және, ең алдымен, батысгерман дивизияларының құрылуына қарсы шықпайды. Батыс Германияны қаруландырудың барлық тәсілдері, — деп жазады Францияның «Монд» газеті, — «хауіпті күйінде қала береді». Яна «су қосып сұйытқан жоспар, — деп жазады Швецияның «Квельспостен» газеті, Германияның батысты қорғауға қатысу идеясын қуаттайды. Договорға енгізілетін «түзетулер» мен «қосымшаларға» қарсылардың бояма «ашу-ызасын» алатын болсақ, олар жұртшылық пікірін алдауды ғана көздейді. «Американың «Нью-Йорк таймс» газеті түзетулердің француз халқы мейлінше жекекөретін договорды Францияның ұлттық жыйналысында «тығызалап өткізуге» үшін арналғанын мойындауға мәжбүр болып отыр.

«Европалық бірлестік», мейлі «түзетулерімен» болсын, мейлі түзетулерсіз болсын, агрессияшыл герман милитаризмін қайта тудыру болып табылады және Европадағы демек, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке хауіп тұрғызады.

### АҚШ-ТЫҢ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНА ҚАРСЫ АГРЕССИЯЛЫҚ ТІМІСКІЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ

АҚШ-тың билеуші топтарының талап етуімен сентябрьдің бас кезінде Филиппинде Оңтүстік — Шығыс Азиядағы жаңа соғыс блогіне — «СЕАТО» деп аталатынға жорамалданып отырған қатысушылардың кеңесі шақырылады. Алғашқы кезде осы әріптер тізбегі Азияға арналған Солтүстік Атлантика одағы сыяқты ұйымның аты болып есептелді. Агрессияшыл Солтүстік Атлантика блогіне АҚШ-тың жалпы қатысушылығымен батысевропалық елдердің қатысуы сыяқты, «СЕАТО» ұйымына да іс жүзінде тағы да АҚШ-тың, сол сыяқты отарлаушы ірі державалар — Англия мен Францияның басшылығымен азиялық елдерді неғұрлым көбірек қатыстыру белгіленді.

Құрама Штаттар құрып жатқан жаңа блогтің агрессияшыл бағытында ешқандай күмән жоқ. «Американдық билеуші топтары ойластырып отырған «СЕАТО» Қы-

ның барлық азиялық халықтардың босандығына қарсы бағытталған ұйым ретіндегі антиазиялық сыйпаты айқын көрінді.

Соңғы күндерде, Индонезияның премьері Састраамиджойның айтуынша, тек қана «Азиядағы шиеленіскен жағдайды күшейте» түсетін агрессияшыл жаңа жоспарларға Азия елдері беріп отырғандықтарын маңызын АҚШ билеуші топтарының түсінетіндігі айқын болды. Бірақ бұл «түсінушіліктің», сыпайырақ айтқанда, өзіне тән сыйпаты бар. Ол американдық саясаттың жасаушылары Азия халықтарын ештірек алдап, астағыру қажет екені туралы ойға ғана жеткізді.

Азия халықтарының империалистерге берген соққылары аз емес. Кәзір олар Азия халықтарын «СЕАТО» жалауымен бүркемеленіп құлданудың жаңа зулымдық жоспарларын іске асырмай тастау үшін күштерін жыйнауда.

### АҚШ ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАРТИЯНЫҢ ӘДІС-АЙЛАЛАРЫ

Ноябрьде американдық конгресінің кезекті сайлауы өткізілмек. Елді билеуші республикалық партия бұл сайлаудың нәтижесінде кәзір сенат пен өкілдер палатасындағы өзінің оңсыз да болмашы көпшілік орнынан айрылып қалуы мүмкін екендігіне текке хауіптеніп отырған жоқ. Кәзіргі уақытта төніп келе жатқан экономикалық кризистің хауіпті елесі американдық экономикасындағы 1929—30 жылдардағы апаттың нақ республикалық партия басқарған жылдарда болғандығын американдық сайлаушыларының есіне салады.

Осындай жағдайда АҚШ-тың президенті Эйзенхауэр таңқаларлық іс істеді. 12 августа ол елдегі экономикалық жағдай туралы қысқаша мәлімдеме жасап, онд өткен жығымен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісінің едәуір құлдырағанын бекерге шығармай, бірнеше үмітшілдік болжамдар айтып, сенім білдіруге тырысты. Бұл істің таңқаларлығы сол, өте жалпылама және тұжырымсыз бұл мәлімдеме президент жанындағы экономикалық советтің әдеттегі жартыжылдық баяндаманың орнына жасалды.

Алайда АҚШ-тың кәсіпкер топтары мен бірқатар кәсіподақтар президенттің мәлімдемесіне елеулі «түзетулер» енгізіп сөз сөйлеуді кешіктірген жоқ. 16 августа «Джорнал оф коммерс» «президенттің үмітшілдік мәлімдемесі» «жартыжылдық толық баяндаманың орнына жасалған қанағаттанғысыз мәлімдеме» болып табылады деп жазды.

Американдық экономикасының шын мәніндегі 1954 жылғы жайын сыйпаттайтын фактілер қандай? «Федералдық резерв системасы» деп аталатын жариялаған индекс үстіміздегі жылдың июльінде АҚШ-тағы өнеркәсіп өндірісінің жалпы дәрежесі 1953 жылғы июльдегіден 10 процент төмен болғанын көрсетеді. Өнеркәсіптің өте маңызды кейбір жеке салаларындағы жағдай бұдан да нашар. Мысалы, ӨКК-нің (өндірістік кәсіподақтар конгресі)

## Совет студенттері делегациясының АҚШ студенттерінің ұлттық ассоциациясының конгресіне баруы жайында

1954 жылғы июльде совет жастарының антифашистік комитетінің студенттер секциясы АҚШ студенттерінің ұлттық ассоциациясына 22-31 августа Айова штатының Амес қаласында болатын VII конгресіне совет студенттерінің делегациясын жіберуге шақыру қағаз алды, бұған АҚШ студенттерінің ұлттық ассоциациясының президенті Эдвард пен ассоциацияның халықаралық мәселелер жөніндегі вице-президенті Бечик қол қойған.

Совет жастарының антифашистік комитеті бұл шақыруды қабыл алды. Быйыл-

ғы жылы 5 августа АҚШ студенттерінің ұлттық ассоциациясының конгресіне баратын совет студенттері делегациясының мүшелеріне Американың Москвадағы елшілігі арқылы АҚШ-қа баруға рұқсат беру сұралды.

Бірақ совет студенттері делегациясының осы уақытқа дейін рұқсаты болмағандықтан конгреске бара алмай отырғандығы мәлім болды.

Американың Москвадағы елшілігі АҚШ-тың мемлекеттік департаментінен тиісті нұсқаулар жоқ дегенді сылтау етіп, рұқсат бермей отыр.

## Чехословак делегациясы мүшелерінің Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі туралы пікірлері

ПРАГА, 26 август. (СОТА). Мұнда Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болған чехословак делегациясының мүшелері егіншілік министрлігінің қызметкерлерімен кездесті. Премьер-министрдің орынбасары және егіншілік министрі Индржих Угер, Семчидыдағы ауыл шаруашылығын зерттеу институтынан Антонин Стеглиц, Качицдағы бірінші ауылшаруашылық кооперативінің председатели Богумил Буреш және басқалары көрме туралы хабарлар жасады.

Совет Одағында және халықтық демократия елдерінде социалистік егіншілікті оған әрі өркендету үшін ауылшаруашылық көрмесінің зор маңызы бар екендігін делегацияның барлық мүшелері бірауыздан атап көрсетті.

## Франция парламентінде «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды талқылау қарсаңында

ПАРИЖ, 25 август (СОТА). 28 августа Францияның ұлттық жыйналысында «Европалық қорғаныс бірлестігі» құру туралы договор талқыланатын болып белгіленді. Кеше үкметтің мәжіліс болып, бұл мәжілісте министрлер советінің председатели Брюссельде болған кеңестің қорытындыларын баяндады. Бүгін ол нақ сол мәселе жөніндегі сыртқы істер, ұлттық қорғаныс жөніндегі және теңіздің арғы жағындағы жерлер жөніндегі парламенттік комиссиялардың басқосқан мәжілісінде хабар білдірді.

Кабинеттің кешегі мәжілісінде договорды ұлттық жыйналыста талқылауды бұдан былай кейінге қалдырмауға және заң жобасын бекітуді қабылдау керектігі туралы қорығандыға келген социалист Жюль Моктың баяндамасын айтыстардың өзегіне алу ұйғарылды. Мұны талқылаумен байланысты үкметке сену сенбеу туралы мәселе қоймау керек деген ұйғаруының бұл зор маңызы бар. Мендес-Франс үкметтің бұл қарарын депутаттарға қысым жасағысы келмегендік деп дәлелдеді. Бүгін парламенттік комиссиялардың

Өзінің өзінде Индржих Угер былай деді: көрме Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы еңбекшілердің әлауқатын жақсарту ісінде өте маңызды роль атқарып отырған ауылшаруашылық өндірісін өркендету жолында қалай күресіп жатқандығының айқын үлгісі болып табылады. Москвадағы көрме социализм елінде соңғы 25 жылдың өзінде ауылшаруашылық өндірісінде болған түбірі өзгерістерді көрсетеді. Москвадағы көрме адамзаттың ең батыл үміт — арманын совет адамдарының қалай жүзеге асырып жатқандықтарын көрсетеді.

Бұл ауылшаруашылық көрмесі, деді қорытындысында Угер, Чехословакияның ауыл шаруашылығын қайта құру ісінде сөзсіз зор роль атқарады, оны социалистік даму жолына салуға көмектеседі.

## ИНДОНЕЗИЯ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДА САУДА КЕЛІСІМІНІҢ ЖАСАЛУЫ

ДЖАКАРТА, 26 август. (СОТА). Индонезияның газеттері Қытай Халық Республикасы мен Индонезияның арасында сауда келіссөздерінің ойдағыдай аяқталғандығын хабарлады. Үкметке жақын «Марлека» газеті келіссөздердің достық және шын пейілдік жағдайында өткендігін атап көрсетеді.

Қол жеткен келісім бойынша, Индонезия быйылғы жылы Қытай Халық Республикасына кофе, бұрыш, көрнегі — барлығы 3 миллион фунт-стерлингтің басқа да товарларын жеткізеді. Қытай Халық Республикасы Индонезияға сондай соманың тоқымасын, машиналарын, электр апаратын және қағаз жеткізеді.

Жаңа келісім Индонезия мен Қытай Халық Республикасының арасында достықты нығайту ісіне қызмет етеді, деп газеттер атап көрсетуде.

## ФРАНЦИЯДА «ЕВРОПАЛЫҚ ҚОРҒАНЫС БІРЛЕСТІГІН» ҚҰРУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

ПАРИЖ, 26 август. (СОТА). 28 августа белгіленген «Европалық армия» туралы айтылған жақындауына байланысты Франция еңбекшілерінің Париж договорын ратификациялауға қарсы күресі күшейе түскен. Қарсылық білдірген хаттар және қарарлар әкелген көптеген делегациялар ұлттық жыйналысқа келуде. Парижде Францияның басқа қалаларынан да күн сайын көптеген делегаттар келіп жатыр.

Соңғы күндері Париж және Бени договорларын ратификациялауға дайындыққа қарсы жұмысшылардың ереуіл қозғалыстары күшейе түскен. «Де-Рей» газ заво-дында, Сен-Клуддағы «Бюде-Дюнон» құрылысында және басқа жерлерде ереуілдер мен жұмысты тоқтатулар болған.

Көрнекті саяси қайраткерлері мен парламент депутаттары өздерінің «Европалық қорғаныс бірлестігін» құруға қарсы пікірлерін білдірген. Ұлттық жыйналыстың құрметті председатели радикал Эдуард Эррио Рон департаментінің бейбітшілікті жақтаушылар делегациясын қабылдап, былай деп мәлімдеген: «Сіздер менің позициямды білесіздер. Мен оны өзгертеме жоқ» деген. (Эррио «Европалық армияны» құруға қарсы екенін белгілі). Ред.)

Германия мәселесін бейбітшілік жолмен шешу жөніндегі француз күрес комитетінің өкілдерімен кеңесте бұрынғы министр Поль Бастид: «мен договорға мүлде ашық қарсы шығамын. Европалық қорғаныс бірлестігі мәнін француздық, европалық және юристік сезімге қайшы келеді» деп мәлімдеген.

«Германияны қаруландыруға қарсы университеттер қызметкерлерінің қырағылық комитеті» парламентті Европалық қорғаныс бірлестігін болдырмауға және төрт ұлы державалар арасындағы келіссөздердің қайтадан басталуына жетісуге шақырған. Бұл үндеуіе қатерен ғылым қайраткерлері, профессорлар мен Париждағы жоғары оқу орындарының оқытушылары қол қойған.

## БРАЗИЛИЯДАҒЫ ОҚЫҒАЛАР ЖАЙЫНДА



тануда болып көрмеген асығыстық көрсетіп отыр. Құрама Штаттардың итермелеуімен «европалық қорғаныс бірлестігі» деп аталатын туралы договорға қатысушы алты ел — Италияның, Францияның, Бельгияның, Голландияның, Люксембургтің және Батыс Германияның өкілдері 19 августа Брюссельге осы «бірлестіктің» жоспарын неғұрлым тез жүзеге асыру туралы мәселе жөніндегі кенеске жыйналды. Француз ұлттық жыйналысы осы уақытқа дейін бекітпеген «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы Париж договорына енгізу үшін Францияның билеуші топтарының өкілдеріне ұсынылған «түзетулер» мен «қосымшалар да» іс жүзінде осы мақсатқа қызмет етуге тиіс. Бұл түзетулердің негізгі мақсаты мынау: «европалық бірлестігі» договорын осы уақытқа дейін түгелімен қабылдамай келген ұлттық жыйналыс депутаттарының көпшілік бөлегінің ой-пікірін әлсіретіп, оны бекітуді жақтап дауыс беруге мәжбүр ету.

Францияның көптеген газеттері бұл күндерде Париж договорына енгізілетін

жөніндегі Женева келісімдерін сәтсіздікке ұшыратуға бағытталған соғыс блогі болып табылады», деп атап көрсетеді Кытайдың «Женьминьжибао» газеті. Американың баспасөзі СЕАТО-ның «антикоммунистік» мақсаттары туралы ашықтан-ашық жазуда. Американың соғысқұмарларының ойынша, Оңтүстік—Шығыс Азияда халықтық, ұлт-азаттық қозғалыстың қандайына болса да СЕАТО-ға қатысушылардың қарулы күшпен араласуын туғызуға тиіс. Мұның өзінде жаңа блоктің қарулы күштері Азияның қай еліне болса да жеткізіле алатын болады. Осылай, Женева келісімдерінің шарттарына қарамастан, Құрама Штаттар «СЕАТО» жалауын бүркемеленіп, егер индокытайлық үш мемлекеттегі оқыйғалардың дамуы АҚШ-тың билеуші топтарына ұнамаса, онда олардың ішкі істеріне қол сұғу правосын өзіне алғысы келіп отыр.

Жұртшылыққа мәлім, оңтүстік шығыс Азияның ең ірі елдері — Индия, Бирма, Индонезия және Цейлон американдық жаңа агрессиялық әрекетке қатысудан бастартты. Сөйтіп мұнымен СЕАТО-

гі комитетінің председатели Эмиль Рив 15 августа президенттің мәлімдемесін «әдейі жасалып отырған үмітшілдіктің үлгісі» деп батыл айыптады. Рив көзір АҚШ-тың өңдеу өнеркәсібінде істейтін жұмысшылардың саны өткен жылғыдан 2 миллион аз екенін хабарлайды. Болат өндіру өткен жылғыдан 30 процент кем, ал болат қорыту өнеркәсібі өз қуатының небәрі 63 процентіне ғана жұмыс істейті.

Американ баспасөзі президенттің үмітшілдік мәлімдемесі республикалық, партияны сайлауда айтарлықтай табысқа жеткізе алатындығына күмән білдіреді. Мұндай күмәнданушылық үшін барлық негіздер бар. Адал немесе бояма статистикаға қарамастан, миллиондаған американың еңбекшілері АҚШ экономикасының жағдайы барған сайын нашарлаған дәуірге кіргенін айқын көріп отыр. Республикалық партияның басқаруы монополияларға көзіндік өзінде пайда келтірді. Бірақ бұл американың халқының көпшілігінің тұрмысының нашарлауына әкеліп соқты. **ЛЕОНТЬЕВ.**

Брюссельде Брюссель кеңесінің қорытындылары туралы сөз сөйлеп, Мендес Франс Францияның бұдан бұрынғы үкіметтерінің договорды бекіту туралы заң жобасын парламентке енгізбегендігінің бір ғана себебі—ұлттық жыйналыста ондай заң жобасын қолдай алатын көпшіліктің жоқтығы, деп атап көрсетті. Мен-

дес-Франс. мазмұны договор бекітіліп, күшіне кіргеннен кейін оны қайта қарауға уәде берушілікпен тынатын еді. Францияның делегациясы Спаактың ұсынысын қабылдамай қойды, сондықтан кенеске қатынасушылар келісімге жөле алмайды, деді Мендес-Франс.

## француз халқының еркі

ПАРИЖ, 25 август. (СОТА). Париж договоры жөнінде де парламенттік айтыстар басталуының мерзімі жақындауымен байланысты «европалық армияны» бетке ұстап Батыс Германияны қаруландыруға қарсы халықтық қозғалыс Францияда орасан етек алуға. Үкіметтің атына жіберілген көптеген телеграммалар мен хаттарда, петицияларда, ұлттық жыйналыстың депутаттарына барып тұратын делегациялар арқылы, митингтерде, манифестациялар мен жыйналыстарда француздар Германияны милитарландыруға қарсылық білдіруге және «европалық армия» туралы договорды қабылдамай қоюды талап етуде.

«Юманите» газетінің хабарына қарағанда, сыртқы істер министрлігінің чиновнигі кеше Сема және Уаза департаментінің бейбітшілікті жақтаушыларының делегациясын қабылдап, бұл Батыс Германияны қаруландыру саясатын жүргізуден бастартуды талап етіп отырған 150 делегация, деп мәлімдеген.

Бүкіл елде агрессияшыл герман вермахтың қайта тудырылуға қарсылық білдіру петицияларына қол қойдыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл Буш-дю-Рон департаментінің бір өзінде ғана мұндай петицияларға 450 мың адам, оның ішінде 20 бас кеңесшісі мен 40 муниципалдық кеңесші және ұлттық жыйналыстың 9 депутаты қол қойды.

### ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПРАВОЛАРҒА АМЕРИКАЛЫҚ РЕАКЦИЯНЫҢ ШАБУЫЛЫНА ҚАРСЫ

Француз компартиясының наразылығы ПАРИЖ, 26 август. (СОТА). Француз Коммунистік партиясының Орталық Комитеті АҚШ-та компартияға тыйым салынуы жөнінде наразылық білдірген мәлімдеме жариялаған.

Құрама Штаттарының коммунистік партиясын заңнан тыс деп жариялауы, делінген мәлімдемеде, АҚШ-тың реакциялық басқарушылары барлық елдердің халықтарына өздерінің «бейбітшілік бостандығын» қорғау туралы декларациясының екіжүзділік сыйнатын көрсетеді.

Жұмысшы табы мен Франция халқы Америка еңбекшілері мен ниеттестігін білдіру ретінде олардың өздерінің халықтарды құлдану жөніндегі жоспарын бүркемелейтін «бейбітшілік бостандығы» туралы Америка үгітінің өтіріктігін, әшкерелеу үшін барлық күштерін жұмылдыруда.

Олар еселеген күшпен американы билеушілерінің герман милитаризмін қайта туғызу және «Европалық қорғаныс бірлестігі» жөніндегі договорды ратификациялауға мәжбүр ету үшін Франция ісіне ашық араласуын әшкерелей береді.

### СОЛТҮСТІК ЕЛДЕРДЕГІ БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ «БЕЙБІТШІЛІК РЕЙСІ»

ОСЛО, 26 август. (СОТА). «Фрихетен» газеті бүгін Стокгольмнан «Баторий» кемесі «Бейбітшілік рейсіне» шығады деп хабарлаған. Кеменің портында солтүстік елдерден 800 жолаушы бар. Кеме Дания, ГДР, Польша, Финляндия және ССРО елдеріне барады. Бұл сапар шведтің бейбітшілікті жақтаушылар комитетінің инициативасымен ұйымдастырылған.

### Варгастың өлер алдындағы хаты

ЛОНДОН, 26 август. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Рио-де-Жанейродан былай деп хабарлайды:

Президент Варгастың сүйегі жанынан табылған оның өлер алдындағы хатында Бразилиядағы оппозиция мен халықаралық күштердің Варгастың «Бразилияның тішкене адамдарының» тұрмысын жақсарту үшін көмектеспек болған ниетіне үнемі бөгет жасап отырғандығы айтылған. Оның мұнай және электр энергиясы саласындағы саясатының басты мәселелеріне, жалақыны өсіру және жоспардан тыс пайдаға салық салу жөніндегі заңдарына ел ішінде және шетелдерде оппозицияның болғандығын айта келіп, президент Варгас өзінің бұл шолда «масқараланушылыққа, айыпталушылыққа және жалақорлыққа» ұшырағандығын атап көрсеткен, ал бұл уақытта оппозиция оны сөйлетпеуге мәжбүр етуге тырысқан.

### БЕК БЮРОСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ПАРИЖ, 26 август. (СОТА). Бүкіл дүние жүзілік еңбек конфедерациясының (БЕК) барлық кәсіпшілер одағының ұйымдары мен еңбекшілерге «Европалық қорғаныс бірлестігі» жөніндегі договорды француз парламентінің ратификациялауына қарсы және герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу мақсатындағы келіссөздерді жүргізу үшін күресті күшейтуге шақырған.

### ТҮЗЕТУ

Газетіміздің 27 августағы номерінің бірінші бетінде жарияланған мәліметті 25 августағы мәлімет деп оқуды газет оқушылардан сұраймыз.

Редактордың орынбасары  
Ф. НУРМОЛДИН.

## Бразилиядағы жағдай жөнінде

НЬЮ-ЙОРК, 26 август. (СОТА). «Джорнал оф коммерс» газетінің шолушысы Оальбаум былай деп жазды: «Варгас капитал салушы американдарға әрқашан достық көзқараста бола берген жоқ, олардың арасында кейде дау-жанжалдар болып тұрды. 1951 жылы үкімет басына қайтып келгеннен кейін көп ұзамай Варгас шетел кәсіпорындарының түсірген пайдасын елден тысқары жерге аударуға анағұрлым қатал ережелер енгізді. Американың кәсіпқорлары бұл жаңа ережелерге дереу наразылық білдірді. Ақыр аяғында ұрыс-керіс тоқтатылды, сөйтіп, капитал салушылардың салған ақшаларын еркін валюта айырбасы жолымен басқа жаққа аударуына рұқсат етілді». Бірақ, шолушының айтуы бойынша, сол-

түстік американың бірлестіктері бұл ұйғарымды да наразылық білдірген. Өйткені олардың долларлары үшін жергілікті валютаны ресми айырбас тұрғысы бойынша төлейтінінен артық төлеуіне тура келген.

Оальбаум мұнымен қатар мынаны атап көрсетеді: американың кәсіпқорлары Варгас үкіметінің «Петробраз» мұнай бірлестігін құруына және Бразилияда электр станциялар жүйесін салу үшін «Электробраз» бірлестігін құру жоспарларына да наразы болды.

«Нью-Йорк таймс» газеті редакциялық мақаласында Варгастың мирасқоры Кафэ Фильоны «АҚШ-тың досы» деп атап, дәріптейді.

## Бразилиядағы жағдай

НЬЮ-ЙОРК, 26 август. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісі Рио-де-Жанейродан кеше қаладағы солтүстік американдық фирма үйлерінің алдында тағы да өшпенділік демонстрациясы болды деп хабарлайды. Демонстрация бұрынғы президент Варгастың денесі самолетпен Оңтүстік Бразилияға жерленуі үшін әкелісімен басталған. Аэродромда жарты миллион Рио-де-Жанейронның тұрғын адамдары жыйналған.

Тілшінің атап көрсетуі бойынша, самолет ұшып кеткеннен кейін авиация министрлігінің алдына Варгасты қызметтен кетуге мәжбүр еткен авиация мен армия генералдарына «өздерінің өшпенділік көзқарасын білдіру үшін» демонстрацияға

жыйналған. Шақыру бойынша келген әскерлер демонстранттарға оқ атқан. Жараланған адамдар да бар. Демонстрация астананың басқа аудандарында да болған көрінеді.

Қаланың орталық ауданында полиция өрт сөндіретін машинаның көмегімен демонстрацияға еу шапшы таратпақшы болған, бірақ демонстранттар машинаны қолға түсіріп өртеп жіберген. Бұл соқтығыста, деп хабарлайды тілші, кем дегенде 20 адам жараланды. Демонстранттар «Стандарт ойд» американың бірлестігінің үйінің терезесін қыйраққан. «Өте күшті қорғауда тұрған америка елшілігінің алдына қайтадан демонстранттар тобы жыйналған.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

## Киноларда

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«БАТЫРДЫҢ ҚАЛЫҢДЫҒЫ»

Сеанстар 2-30, 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавлдың темір жол бөлімшесінің кадр бөлімі бір айлық курске кондукторлар, құрылыс жұмысшылары және паровозға отын тиеушілер алады. Оқуға түсушілерге 311 сомнан стипендия төленеді.

Курске қабылдау тәртібі туралы Петропавл қаласы, Свердлов көшесі, 33-үйге келіп, кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

## 1954 жылдың төртінші тоқсанына облыстық „Ленин туы“ және „Ленинское знамя“ газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық кәсіпорындарында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарына мекемелерге, совхоздар құрылысына және жол құрылысына жұмысшылар алады.

Шарт жасасқандарға 150 сомнан 1000 сомға дейін бір жылғы жәрдем, жолда жүрген күндеріне тәулігіне 10 сомнан тәулік ақы төленеді. Жұмысшылардың семьялары және олардың жүктері бөлім есебінен тегін жеткізіледі.

Шарт жасасу үшін Петропавл қаласындағы Паланин көшесі, 98-үйге келіп, немесе 5-97 телефон арқылы, вокзалда —ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын инспекторға, селолық жерлерде —аудандық Совет аткомдеріне, селолық Советтерге және ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын өкілдерге келіп жолығуға болады.